Соңғы жылдары протоколдық іс-шараларды ұйымдастыру кезінде «обед-буфет» сияқты қабылдаудың түрі жиі пайдаланылады, онда қонақтар жалпы үстелден қалаған тағамдарын таңдайды, содан кейін өз қалауы бойынша кез келген орынға еркін жайғасады. Қабылдаудың осындай түрі концерттен, музыкалық кештен немесе белгілі бір салтанатты актіден соң ұйымдастырылады. Протоколды жақсы білу тек қана дипломат үшін ғана емес, сонымен бірге халықаралық-экономикалық ынтымақтастық мәселелерімен

айналысатын әрбір мемлекеттік қызметкерге, бұдан басқа өзінің шетелдік әріптестерімен табысты ынтымақтастықты қажет еткен әрбір бизнесменге де қажет.

Қазіргі заманға сәйкес дипломатиялық және іскерлік протоколдың Ережелерін және нормаларын сауатты меңгеру – қарым-қатынастың қолайлы климатын жасайды, дипломатиялық немесе экономикалық ведомоствоның, сонымен бірге жалпы мемлекеттің беделін арттырады.

(Орыс тілінен аударылып берілді)

1-тапсырма. Мәтінді оқып, Шақыру билеті үлгісімен танысыңыз.

Қазақстанның Израильдегі Елшілігінің үшінші хатшысы Талғат Жұмағұлов «Шетелдерде дипломатиялық қабылдауларды ұйымдастырудың кейбір аспектілері туралы» атты мақаласында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне байланысты салтанатты қабылдау ережелерімен таныстырып, ***Шақыру билетін*** дайындаудың да ерекшеліктерін былай атап көрсетеді: «Қабылдау өтетін уақыт пен орын белгіленгеннен кейін шақыру билетінің макетін дайындау және оны баспаханаға басуға жіберу керек.

Шақыру билеті Елші мен жұбайының атынан ағылшын тілінде жазылады (үшінші жақтан), онда қабылдау өтетін орынның нақты мекенжайы, күні мен уақыты көрсетіледі. Осы іс-шараға шақырылғандар өздерінің қатысуын растай немесе өзгерте алулары үшін Елшіліктің телефон, факс нөмірлерін және электрондық адресін міндетті түрде көрсету қажет. Ол үшін байланыс координаттарының алдына R.S.V.P. (франц. *Repondez, s'il vous plait* – жауап беруді өтінеміз) әріптері қойылады. Бұл ретте қазіргі заманғы практикада «тек бас тартулар үшін ғана» (*regrets only*) ремаркасы кеңінен пайдаланылады, әсіресе ол егер шақырылғандардың есебі жүздеп саналатын кезде қажет. Қабылдауға қатысуын растау (немесе келмеу) шақырылған адам үшін жақсы шырай білдірудің ережесі болып саналады, өйткені қабылдауды ұйымдастырушылар қонақтардың құрамы мен сан шамасы туралы қабылдауға дейінгі санаулы күндердің ішінде мәлімет алады. Қазіргі уақытта халықаралық дипломатиялық тәжірибеде ***Шақыру билетінде*** киім үлгісін көрсету барған сайын сиреп барады, бұл бір жағынан, мәдени дамудағы қоғамның түрлі жіктерін жалпы теңестіруді білдірсе, екінші жағынан, протоколды жеңілдету үрдісі туралы айтады. Соған қарамастан тәжірибе мына жайтты көрсетеді, осы жағдайда смокинг пен кешкі туалеттердегі қонақтардың қатарында джинси күрте киген «хиппи» шаш қойған қонақтың да келуі әбден мүмкін (шақыру билетінің үлгісін 1-суреттен қараңыз).

Тәуелсіздік күніне байланысты Израильдегі Қазақстан Елшілігінің Шақыру билетінің нысаны

On the occasion of the National Day of Kazakhstan – the Independence Day

*the Ambassador of the Republic of Kazakhstan and Mr. Kairat Abdrakhmanov
request the pleasure of the company of*

Mr. and Mrs. David Cohen

*at a Reception on Thursday, December 15, 2005,
from 19.00 to 21.00 hours*

*Hotel Hilton,
Independence Park, Tel Aviv
Dress code: official*

Regrets only

Tel: 053-7701169, Fax: 03-5027788 Email: kzisrael@netvision.net.il

Please present this invitation at the entrance

Шақыру билетінде сондай-ақ іс-шараға демеушілік қолдау көрсеткен адамдар мен компаниялардың аттары жиі көрсетіледі. Барлық қонақтардың айқын координаттары шақыруларды тарату кезінде болуы үшін Елшілік байланыстарының тізімін нақтылау жөніндегі мұқият жұмыс қатар жүргізіледі. Шынтуайтында әрбір Елшілікте бар тізіммен жұмыс істеу жаңа байланыстардың пайда болуы мен ескілерінің өзгеру шамасына қарай жыл бойы жүргізіледі. Елшіліктер мен басқа да мемлекеттердің соңғы жылдың ішінде жасаған барлық қабылдауларының есебін жүргізу керек. Мәселен, егер қайсыбір дипломатиялық өкілдік өзінің қабылдауына сіздің елшіліктің бірнеше қызметкерін шақырса, онда осы миссия өкілдерінің тепе-теңдік негізде сондай құраммен шақырылуына қамдану қажет, Қағида бойынша, ТМД елдерінің Елшіліктері кеңейтілген құрамда шақырылады. Мүмкіндігіне қарай **Шақыру билеттерін** жеткізуді бақылау керек. Кейде, егер белгілі бір уақыт ішінде қонақтан жауап болмаса, онда **Шақыру билетін** факс немесе электронды пошта арқылы қайта жіберген жөн».

(«Дипломатия жаршысы» журналынан)

СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫ

Сенім грамоталары – тұлғаның басқа елге дипломатиялық өкіл болып тағайындалғандығын куәландыратын құжат, тағайындалған елдің мемлекет басшысына тапсырылады. Елшілерге, уәкілдерге және арнаулы (төтенше) делегациялар басшыларына беріледі. Грамота византия тілінен – *grammata* - жолдаулар, жарлықтар, сондай-ақ кез келген жазбаша құжаттар мағынасын білдірген. X-XVII ғасырларда Ежелгі Русьте актілерді және ресми, жеке хаттарды негізгі іскери құжат деп атаған.

Сенім грамоталары (француз тілінен – *Lettre de creance*, латын тілінен – *litterae credentiales* немесе *I fidei*) дипломатиялық өкілді аккредитациялауды жүзеге асыратын құжат. Дипломатиялық өкіл миссиясының және жеке өкілдің

өкілдік (дипломатиялық) жеке сипатын куәландырады. Сенім грамоталары бір мемлекет басшысының екінші мемлекет басшысына елшілер мен уәкілдерге арналып, белгіленген нысанда жазылады және тиісті қолдармен және мөрлермен қамтамасыз етіледі. Мемлекет басшысының қолы Сыртқы Істер ведомствосының басшысы қолымен бекітіледі. Істеріне сеніп жіберілгендер, сондай-ақ саяси өкілдер аккредитациялау кезінде оларды жіберген мемлекеттің сыртқы істер ведомствосының басшысынан тағайындалған елдің сыртқы істер ведомствосының басшысына хатпен қамтамасыз етіледі. Сенім грамоталары жіберуші мен алушының атын және титулын (атағын), дипломатиялық өкілдің аты мен ранғын, соңғысының барлық қатынастарда, атап айтқанда, осы мемлекеттің өкілі ретінде «сену» өтінішін құрайды. Кейде Сенім грамоталарында дипломатиялық миссияның мотивтері мен мақсаттары, сондай-ақ қазіргі кезеңдегі екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың жағдайы қысқаша нысанда жазылады. Сенім грамоталары мемлекет басшысының алғашқы қабылдауы кезінде дипломатиялық өкілмен тапсырылады, ал оның расталған көшірмесі алдын ала Сыртқы Істер ведомствосының басшысына жіберіледі. Сенім грамоталары дипломатиялық өкілдің жалпы өкілеттік сипатын тұтынады, аккредитациялануы кезінде, ол өзі болып жатқан елде өзінің сөздері мен мәлімдемелері үшін әрі қарай өкілеттіктерге мұқтаж болмайды, оның барлық лауазымдық іс-қимылдарына, хаттары мен сөздеріне жауапкершілік оны тағайындаған үкіметке жүктеледі. Алайда, Сенім грамоталары дипломатиялық өкілдің халықаралық келісімдерге өздігінен арнайы өкілетсіз қол қоюға құқық бермейді. Сенім грамоталары дипломатиялық өкілді тағайындаған мемлекет басшысының немесе оны аккредитациялаған мемлекет басшысының қайтыс болуы, болып жатқан елдің немесе дипломатиялық өкілдің Отанында басқару нысаны өзгеру кезінде, дипломатиялық өкілдің ранғы өзгеруі кезіндегі жағдайларда күшін жоғалтады. Дипломатиялық өкіл өз орнын қалдырған кезде кері шақыру грамоталарын тапсырады (*lettre de rappel*) және өз кезегінде, кейде өз Отанына қайтқан кезде өзінің үкіметіне тапсыру үшін рекредитив (*lettre de recreance*) алады. Кері шақыру грамоталары мен рекредитив нысаны Сенім грамоталары нысанымен ұқсас.

(Орыс тілінен аударылып берілді)

ВЕРИТЕЛЬНАЯ ГРАМОТА

Верительная грамота – документ, удостоверяющий назначение лица дипломатическим представителем в другой стране; вручается при вступлении в должность главе иностранного государства. Грамота (от византийского *grammata*), обозначала послания, указы, а также любые другие письменные документы. На Руси X-XVII веков деловой документ главным образом, так называли акты и письма (официальные и частные). Верительная грамота (*франц. lettre de créance, латинского litterae credentiales* или *I fidei*), документ, при помощи которого осуществляется аккредитование дипломатического

представителя. Удостоверяет представительный (дипломатический) характер миссии и личности дипломатического представителя. Верительная грамота для послов и посланников пишется в установленной форме от главы одного государства к главе другого и снабжаются соответствующими подписями и печатями. Подпись главы государства обычно скрепляется подписью главы ведомства иностранных дел. Поверенные в делах, а также политические представители при аккредитовании снабжаются письмом от главы ведомства иностранных дел направившего их государства к главе ведомства иностранных дел страны назначения.

Верительная грамота содержит: имя и титул (звание) отправителя и получателя, имя и ранг дипломатического представителя, просьбу «верить» последнему во всех сношениях именно в качестве представителя данного государства. Иногда в Верительной грамоте излагаются в краткой форме мотивы и цели дипломатической миссии, а также состояние дипломатических отношений между двумя странами на данный момент.

Верительная грамота вручается дипломатическим представителем при первой *аудиенции* у главы государства, а её заверенная копия предварительно препровождается главе ведомства иностранных дел. Верительная грамота носит характер общих полномочий дипломатического представителя: будучи аккредитованным, он не нуждается в дальнейших полномочиях для своих выступлений и заявлений в стране пребывания, ответственность за все его должностные действия, письма и слова полностью ложится на назначившее его правительство. Однако Верительная грамота сама по себе не даёт права дипломатическому представителю подписывать международные соглашения без специальных полномочий.

Верительная грамота теряет силу в случае смерти главы государства, назначившего дипломатического представителя, или главы государства, при котором он аккредитован, при изменении формы правления в стране пребывания или на родине дипломатического представителя, при изменении ранга дипломатического представителя. При оставлении своего поста дипломатический представитель вручает отзывные грамоты (*lettre de rappel*) и, в свою очередь, иногда получает рекредитив (*lettre de récréance*) для вручения его своему правительству по возвращении на родину. Форма отзывных грамот и рекредитива соотнобразуется с формой Верительной грамоты.

2-тансырма. Үлгімен танысыңыз.

СЕНІМ ГРАМОТАСЫ

Жоғары мәртебелі!

Халықтар арасындағы ынтымақтастықты нығайту саясатына сәйкес және Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы достық қатынастарды дамытуды көздей отырып, мен _____

Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі етіп тағайындауды мақұл көрдім.

_____ мырзаны осы Сенім грамотасымен тіркей отырып, ЖОҒАРЫ МӘРТЕБЕЛІ, оны ізгі ниетпен қабылдауыңызды, бұл кісінің менің атымнан және Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан СІЗГЕ баяндағандарының бәріне қалтқысыз сенуіңізді өтінемін.

Н. Назарбаев

Сендіруші Қ. Тоқаев
Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі

Астана 2006 жыл

3-тапсырма. Үлгіні оқыңыз.

Верительные грамоты

Для послов

Кому (полное имя и титул главы государства)
Ваше Превосходительство,

Я назначил (Ф.И.О.), выдающегося гражданина (название государства-отправителя), представлять меня перед Вашим Правительством в качестве Чрезвычайного и Полномочного Посла (название государства-отправителя).

Он хорошо осознает взаимные интересы наших двух стран и разделяет мое искреннее желание сохранять и укреплять долгую дружбу между нами.

Моя убежденность в его высокой репутации и способностях дает мне полную уверенность в том, что он будет исполнять свои обязанности таким способом, который будет полностью приемлем для Вас.

Имею честь рекомендовать его Вам и прошу Вас принять его благосклонно и относиться с полной верой ко всему, что будет сказано им от лица (название страны-отправителя), равно как и к его уверениям в моих лучших пожеланиях процветания (название принимающей страны).

Преданный Вам,
(подпись главы государства)

КЕРІ ШАҚЫРУ ГРАМОТАЛАРЫ

Тағайындалған дипломатиялық өкілді өз үкіметінің кері шақырып алуы туралы хабардар етуді кұрайтын кұжат. Кері шақыру грамотасы дипломатиялық өкілді аккредитациялаған мемлекет басшысынан туындайды.

Әдетте, онда белгілі бір қысқаша нысанда кері шақырып алудың шын мәніндегі немесе тек қана ресми себептерін түсіндіру жазылады (дипломатиялық өкілдің жеке қалауы, оның денсаулық жағдайы, басқа қызметке ауысуы және т.с.с.). Кері шақырып алу грамотасын болып жатқан елдің мемлекет басшысына арнайы салтанатсыз қоштасу аудиенциясы кезінде кері шақырылып отырған дипломатиялық өкілдің өзі немесе, егер де, ол елден кетіп қалған жағдайда, оның ізбасары тапсырады.

ОТЗЫВНЫЕ ГРАМОТЫ

Документ, содержащий уведомление о том, что данный дипломатический представитель отзывается своим правительством. Отзывные грамоты исходят от главы государства, аккредитовавшего дипломатического представителя. Обычно в них содержится в более или менее краткой форме объяснение действительных или лишь официально выдвигаемых причин отозвания (личное желание дипломатического представителя, состояние его здоровья, перевод на другой пост и т. п.). Отзывные грамоты вручаются главе государства страны пребывания либо самим отзываемым при прощальной аудиенции без специальных церемоний, либо, если дипломатический представитель уже покинул страну – его преемником при вручении верительных грамот.

4-тапсырма. Мәтіннен кәсіби сөздерді анықтап, олармен сөйлем құрастырыңыз.

КЕРІ ШАҚЫРУ ГРАМОТАСЫ

Жоғары мәртебелі!

Мен _____ Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметінен кері шақырып алуды, оны басқа қызметке тағайындауды ұйғардым.

_____ мырза Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы достық қатынастардың сақталуына ұдайы жәрдемдесті деген сеніммен мен, Сізден **ЖОҒАРЫ МӨРТЕБЕЛІ**, оны кері шақыру грамотасын қабылдауыңызды өтінемін.

Н. Назарбаев

Сендіруші Қ. Тоқаев
Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі

Астана 2006 жыл

5-тапсырма. Мәтінді оқып, сөйлем түрлерін анықтаңыз.

Елшілер сенім грамоталарын тапсырды

Бүгін 2010 жылдың 5 ақпан күні Ақордада Мемлекеттік хатшы Қанат Саудабаевқа үш мемлекеттің елшісі сенім грамоталарын тапсырды. Зимбабве Республикасының Қазақстандағы елшісі Фелекезела Мпхоко сенім грамотасын тапсыра отырып, «мен екі елдің ынтымақтастығының болашағы зор екендігіне көзім жетеді» деп атап өтті. Елші Зимбабве жер қойнауы бай мемлекет, сонымен қатар, туристік жағынан да тартымды екенін айта келіп, қазақстандық кәсіпкерлерді Зимбабве экономикасына инвестиция құюға шақырды. Жуық арада Астанада Зимбабве консулдығы ашылады деп жоспарланған. Ал Чилидің Қазақстандағы Елшісі Аугусто Парра Муньос «Екі мемлекет те қарқынды дамып келеді, осы бағытта бір-бірімізбен тәжірибе алмасып, үйренетін тұстарымыз көп. Қазір екі елдің алдында экономиканы әртараптандыру міндеті тұр» деді. Сондай-ақ, Люксембург ұлы герцогтығының Қазақстандағы Елшісі Гастон Штронкта Мемлекеттік хатшы Қанат Саудабаевқа сенім грамотасын тапсырды.

2010 жылдың 4 наурызында Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Бөрібай Жексембин Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Каримовке Сенім грамоталарын тапсырды.

2010 жылдың 18 наурызында Қазақстан Республикасының Француз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, Португалия Республикасында, Андорра Князьдігінде және Монако Князьдігінде осы міндетті қоса атқарушы Нұрлан Дәненов Андорраның тең Князі, Урхель епископы Хуан Энрик Вивес Сицилияға Сенім грамоталарын тапсырды.

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Дипломатиялық протокол дегеніміз не?
2. Дипломатиялық этикет дегеніміз не?
3. Дипломатиялық қабылдаулар мен салтанаттар қалай өткізіледі?
4. Дипломатиялық этикеттің қандай нормаларын білесіз?
5. Халықаралық деңгейде жазылатын шақыру билетінің үлгісі қандай?
6. Сенім грамоталары кімге тапсырылады?
7. Кері шақыру грамоталары қандай жағдайда жазылады?
8. Сенім грамоталары мен кері шақыру грамоталарының құрылымында ұқсастық бар ма?

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ НОТА

Дипломатиялық нота (латын тілінен – *nota* – белгі, ескертпе; ағылшын тілінен – *diplomatic note*) – халықаралық құқықтағы дипломатиялық хат алмасу құжатының түрі. Дипломатиялық нота – бір мемлекеттің үкіметі атынан екінші елдің үкіметіне дипломатиялық ресми үндеу жолдау.

Дипломатиялық нота вербальді және жеке болып бөлінеді.

Дипломатиялық тәжірибеде вербальді нота жиі қолданылады (латын тілінен – *verbalis* – ауызша), жазбаша нысанда әртүрлі сипаттағы мәселелер жазылады. Вербальді нота үшінші жақта құрастырылады, ноталық бланкіде басылады және қол қойылмайды, оған сыртқы істер ведомствосының немесе дипломатиялық өкілдіктің мастикалық мөрі басылады және мекенжайы көрсетіледі.

Жеке нота әдетте маңызды қағидатты мәні бар мәселелерге қатысты немесе болып жатқан елдің дипломатиялық протоколдың бекітілген талаптарына сәйкес белгілі бір оқиға туралы ресми ақпарат немесе жеке нотаға жауап ретінде жіберіледі. Мұндай нота хаттық нысанда болады, қол қоюшының атынан бірінші жақта құрастырылады, ноталық бланкіде басылады, мекенжайы көрсетіледі және мөр басылмайды.

Жеке және вербальдік ноталарда жазылатын мәселелер нақты реттелмейді. Бұл жерде болып жатқан елдің салт-дәстүрлері және қолданыстағы тәжірибесі басшылыққа алынады.

Бір мезгілде бірнеше мемлекетке ресми дипломатиялық жазбаша үндеуді білдіретін циркулярлық нота да көрсетіледі. Мысалы: циркулярлық дипломатиялық нота орыс канцлері Горчаковтың (30.10.1870 ж.) Қара теңіздегі оның егемендік құқықтарының шектелулері Қырым соғысынан соң белгіленген Ресейдің бас тартуы туралы нотасы саналады.

Халықаралық дипломатиялық тәжірибеде ноталармен алмасу халықаралық келісімшарттар жасау нысандарының бірі болып саналады

(Орыс тілінен аударылып берілді)

ДИПЛОМАТИЧЕСКАЯ НОТА

Дипломатическая нота– (от латинского *nota* – знак, замечание; англ. *diplomatic note*) – в международном праве вид документа дипломатической переписки. Дипломатическая нота – это официальное дипломатическое обращение правительства одного государства к правительству другой страны. Дипломатическая нота подразделяются на вербальные и личные.

В дипломатической практике чаще используется вербальная нота (от лат. *verbalis* – устный), в которой в письменной форме излагаются вопросы самого разнообразного характера. Вербальная нота составляется в третьем лице, печатается на нотном бланке и не подписывается, на ней ставится мастичная печать ведомства иностранных дел или дипломатического представительства и указывается адрес. Вербальная нота приравнивается к устному заявлению.

Личная нота обычно касается вопросов важного и принципиального значения или направляется в порядке официальной информации о каком-либо событии, а также в соответствии с установившимися требованиями дипломатического протокола в стране пребывания или ответ на личную ноту. Такая нота имеет форму письма, составленного в первом лице от имени подписывающегося, печатается на нотном бланке, на ней указывается адрес, печать не ставится. Чёткой регламентации вопросов, подлежащих изложению в

вербальных или личных нотах, не существует. Здесь руководствуются традицией и существующей в стране пребывания практикой.

Выделяют также циркулярную ноту, означающую официальное дипломатическое письменное обращение одновременно к нескольким государствам. Например, циркулярной Дипломатической нотой являлась нота русского канцлера Горчакова (30.10.1870 г.) об отказе России установленных после Крымской войны ограничений её суверенных прав на Чёрное море. В международной дипломатической практике обмен нотами является одной из форм заключения международных договоров.

Глоссарий

Дипломатиялық пошта – мемлекет (әдетте сыртқы істер ведомствосы тұлғасында) пен оның шетелдердегі дипломатиялық, консулдық және басқа да өкілдіктері арасындағы, сондай-ақ өкілдіктер арасындағы байланыстың ең маңызды және кең тараған түрлерінің бірі. Арнайы режим белгіленген дипломатиялық поштаның көмегімен қызметте пайдалануға арналған ресми корреспонденция (хат-хабар), құжаттар мен заттар жеткізіледі. Олар жабық және сүргішті мөрмен бекітілген дипломатиялық **вализаға** (сағдиянға) (фр. *valise* – чемодан) немесе оның сипатын көрсететін айқын сыртқы белгілері бар белгіленген тәртіпте пломбаланған сыйымдылықтарға (сөмке, қап, пакет, конверт және т.с.с.) жайғастырылып, буып-түйіледі. Әрбір вализа (сағдиян) дипломатиялық поштаның жеке орнын құрайды және олар соған арнайы уәкілеттендірілген адамның ілесуімен де, сондай-ақ оның ілесуінсіз, кәдімгі байланыс арнасы арқылы да жеткізілуі мүмкін. Дипломатиялық поштаны ашуға да, ұстауға да (кідіртуге де) болмайды және оған қандай да болса баж салықтары салынбайды. Дипломатиялық пошта мен дипломатиялық курьерлерге қатысты осы және өзге маңызды ережелер Дипломатиялық қатынастар туралы 1961 жылғы Вена конвенциясында мазмұндалады.

Нотификация – (латын тілінен *notificare* – мәлімдеу) – дипломатиялық және келісімшарттық тәжірибеде кең таралған ресми мәлімдеме.

Мемлекеттің қандай да болмасын халықаралық мәселеге байланысты саяси бағытын көрсететін, белгілі оқиғаларға немесе дәлелдерге байланысты пікірлер айтылатын халықаралық шарттардың ратификациясы және қол қойылуы туралы, оларға қосылу немесе олардың денонсациясы туралы мәлімдейтін және т.с.с. дипломатиялық нота, немесе басқа құжаттарды Сыртқы істер ведомствосы, дипломатиялық өкілдік немесе дипломатиялық мекеме арқылы тапсыру жолымен жүргізіледі. Көптеген жағдайларда, нотификацияның қажеттілігі халықаралық шарттармен қарастырылған.

7-тапсырма. Үлгімен танысыңыз.

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасында
"Республика Сарайына дыбыс жабдықтарын жеткізу (Алматы қаласы)"
жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы
ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы
Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 16 маусымдағы N 60 Заңы**

"Егемен Қазақстан" 2005 жылғы 21 маусым № 137

Астанада 2004 жылғы 27 тамызда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасында "Республика Сарайына дыбыс жабдықтарын жеткізу (Алматы қаласы)" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім бекітілсін.

***Қазақстан Республикасының
Президенті***

*(Жапон тарапының нотасы
ағылшын тілінен аударма)
(Интернеттен)*

Жоғары мәртебелі, Қасым-Жомарт Тоқаев мырза!

"Республика Сарайына дыбыстық құрал-жабдықтар жеткізу" (одан әрі - құрал-жабдық) жобасына қатысты Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Жапон Үкіметі өкілдері арасында жүргізілген жуырдағы келіссөздерге назар аударуға және Жапон Үкіметінің атынан мынадай уағдаластықтарды ұсынуға рұқсат етіңіз:

1. Қазақстан Республикасындағы мәдени қызметтің дамуына ықпал ету мақсатында Жапон Үкіметі Жапонияның қолданыстағы заңдары мен нормативтік актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне қырық тоғыз миллион сегіз жүз мың жапон йені (Ұ 49 800 000) мөлшерінде грант (одан әрі грант) бөледі.

2. Грант осы келісім күшіне енген күнінен бастап және егер де бұл кезең екі Үкіметтің уәкілетті органдарының екі жақты келісімі жолымен ұзартылмаса 2005 жылғы 31 наурызға дейінгі кезең ішінде күшінде болады.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы келісімшартты (осы келісімде пайдаланылатын "жапон алымы" термині жапондық жеке тұлғалармен бақыланатын жапондық жеке тұлғаларды немесе жапондық заңды тұлғаларды білдіреді) 3-тармақта көрсетілген өнімдер мен қызметтерді сатып алу үшін жапон алымы жапон иенінде жасасады. Мұндай келісімшарттар Грантқа қолайлы болу үшін Жапон Үкіметімен бекітілуі тиіс.

5. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы Қазақстан Республикасы Үкіметімен немесе оның уәкілетті органымен анықталған Жапон банкінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің атына тек қана Грантты іске асыру мақсатында пайдаланылатын банктік шот ашады.

6. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі мыналар бойынша шаралар қабылдайды:

(а) Қазақстан Республикасының аумағында Грант бойынша сатып алынған Құрал-жабдықтарды уақтылы кедендік рәсімдеу мен ішкі тасымалдауды қамтамасыз ету;

(б) жапон ғалымдарын Грант шеңберіндегі тауарлар мен қызметтерді жеткізуге қатысты Қазақстан Республикасында алынатын кеден бажының төлемдерінен, елдің ішкі салықтарынан және өзге де қаржылық алымдарынан босату;

(г) құрал-жабдықтарды тиесілі және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

(д) Грантпен жабылатын жобалардан басқа Жобаларды іске асыру үшін қажетті шығыстарды төлеу.

(3) Грант есебінен сатып алынған құрал-жабдықтар Қазақстан Республикасынан тысқары кері экспортқа шығарылмайды.

7. Екі Үкімет жоғарыда аталған уағдаластықтардан туындайтын немесе оларға байланысты кез келген мәселені қарау кезінде бір-бірінен консультация алады.

Мен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметіне қатысты жоғарыда баяндалғанды растайтын осы нота мен Жоғары мәртебеңіздің нота жауабыңыз Жапония Үкіметі Қазақстан тарабы осы Келісім күшіне енуі қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне енетін екі Үкіметтің арасындағы Келісім болып саналуын ұсыну құрметіне ие болып отырмын.

Осы жағдайды пайдаланып, Жоғары мәртебеңізге зор ықыласымды білдіремін.

Йорико Кавагути
Жапония Сыртқы
істер министрі

(Қазақстан тарапының нотасы)

Жоғары мәртебелі, Йорико Кавагути ханым!

7. Екі Үкімет жоғарыда аталған уағдаластықтардан туындайтын немесе оларға байланысты кез келген мәселені қарау кезінде бір-бірінен консультация алады.

Мен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметіне қатысты жоғарыда баяндалғанды растайтын осы нота мен Жоғары мәртебеңіздің нота жауабыңыз Жапония Үкіметі Қазақстан тарабы осы Келісім күшіне енуі қажетті

мемлекетшілік рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне енетін екі Үкіметтің арасындағы Келісім болып саналуын ұсыну құрметіне ие болып отырмын.

Осы жағдайды пайдаланып, Жоғары мәртебеңізге зор ықыласымды білдіремін".

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан жоғарыда көрсетілген келісімді растау және Жоғары мәртебеңіздің Нотасы мен осы Нота Жапония Үкіметі Қазақстан тарабы осы Келісім күшіне енуі қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне енетін екі Үкімет арасындағы келісім болып саналатынына келісімімді білдіру құрметіне ие болып отырмын.

Осы жағдайды пайдалана отырып, Жоғары мәртебеңізге өзімнің үлкен құрметімді білдіруге рұқсат етіңіз.

8-тапсырма. Құжатты оқыңыз.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі

.....

Рәсімдерді тәптіштеу жөніндегі келісілген хаттама

Жапон Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Республика Сарайына (Алматы қаласы) дыбыстық құрал-жабдықтарды (бұдан әрі - Құрал-жабдықтар) сатып алуға арналған жапон мәдени ынтымақтастығына қатысты 2004 жылғы ____ күні белгіленген Алмасу ноталарының (бұдан әрі - Алмасу ноталары) 1, 3, 4 және 5-параграфтарына сүйене отырып, Жапон Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі өкілдері екі Үкіметтің уәкілетті өкілдерімен келісілген мынадай рәсімдерді тәптіштеулерді тіркегісі келеді:

1.Тендер

1) Грант Алмасу ноталарының 3-тармағы 1) тармақшасында белгіленген құрал-жабдықтар мен қызметтерді сатып алу үшін тиімді және кемсітілмей пайдалануы тиіс. Осы талаптарды сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы Қазақстан Республикасына немесе оның уәкілетті органына құрал-жабдықтарды сатып алу бойынша тендер өткізуге көмек көрсету үшін тәуелсіз және құзыретті агентті тарту қажет. Бұдан әрі Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы қосымшада санамаланған Агент қызметінің тізбесіне сәйкес Қазақстан Республикасына немесе оның уәкілетті органына көмек көрсету үшін Жапон халықаралық ынтымақтастық жүйесінің (JICS) (бұдан әрі - Агент) қатысуымен Алмасу ноталары күшіне енгеннен кейінгі бір айдың ішінде Алмасу ноталарының 4-тармағында айтылған келісімшарт жасасуы тиіс;

2) Келісімшарт Жапон Үкіметі жазбаша түрде бекіткеннен кейін күшіне енеді.

2. Агенттің қаламақысы

1) Алмасу ноталарының 1-параграфында айтылған сомаға Агенттің қаламақысы _____ енгізілуі _____ тиіс;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы жоғарыда аталған келісімшартқа сәйкес Алмасу ноталарының 5-тармағының 1) тармақшасында айтылған банкке осындай төлемге өкілеттіктер беруі тиіс.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кез келген шенеунігі өздеріне Алмасу ноталарының 4-параграфында айтылған тауарлар мен қызметтер сатып алу бойынша жапон азаматтары жұмысының ешқандай бөлігін алмауы тиіс.

4. Алмасу ноталарының 1-параграфында айтылған Гранттың жоспарын және/немесе схемасын өзгерту қажет болған жағдайда Қазақстан Үкіметі консультация өткізуі және Жапон Үкіметінен мұндай өзгерістер енгізуге келісім алуы тиіс.

2004 жылғы _____

2004 жылғы _____

**Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі
Қасым-Жомарт Тоқаев**

**Жапонияның
Сыртқы істер министрі
Йорико Кавагути**

9-тапсырма. Жаңа сөздермен сөздікті пайдалана отырып жұмыс істеңіз.

Талқылау хаттамасы

Республика Сарайына (Алматы қаласы) құрал-жабдықтар сатып алу үшін жапон мәдени ынтымақтастығы туралы 2004 жылғы _____ Алмасу ноталарына (бұдан әрі - Алмасу ноталары) байланысты Жапон делегациясы мен Қазақстан делегациясының өкілдері мыналарды тіркегісі келеді:

1. Жапон делегациясының өкілі Алмасу ноталарының 3-тармағының 1) тармақшасына қатысты, яғни Қазақстан Республикасының Үкіметі Алмасу ноталарының 4-параграфында айтылған келісімшарттарды ұсынғаны үшін кез келген сыйтарту немесе сыйақы беру ұсынысын болдырмау үшін қажетті шаралар қолданатынын Жапон Үкіметі түсінеді деп хабарлайды.

2. Қазақстан делегациясының өкілі Жапон делегациясы өкілінің жоғарыда көрсетілген өтінішіне оның делегациясы қарсы емес деп хабарлайды.

2004 жылғы _____

2004 жылғы _____

**Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі
Қасым-Жомарт Тоқаев**

**Жапонияның
Сыртқы істер министрі
Йорико Кавагути**

Сөздік

кеден бажы – таможенная пошлина
рәсімдеу – оформление
жоба – проект
бәсекелестік – конкуренция
йен – Жапонияның ұлттық валютасы – национальная валюта Японии
шара қабылдау – принять меры
тасымалдау – перевозка, транспортировка
күшіне ену – войти в силу
құрал-жабдықтар – оборудования
уағдаластық – соглашение
құзыретті – компетентный
ішкі салықтар – внутренние налоги
рәсім – церемония

10-тапсырма. Үлгімен танысыңыз.

НОТАЛАР

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қырғыз Республикасының Елшілігіне өзінің ілтипатын білдіреді және бортында Қырғыз Республикасының Президенті бар ТУ –154М арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде 1999 жылғы 23-24 сәуірде ұшуына рұқсат беретін СІМ 0210\12 дипломатиялық нөмірді хабарлауды өзіне мәртебе санайды.

Министрлік осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Елшілікке өзінің зор ілтипатын білдіретіндігіне тағы да сендіреді.

Астана, 1999 жылғы 13 маусым

11-тапсырма. Мәтіндерді оқып, сөйлем түрлерін анықтаңыз.

Қазақстан Республикасы СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасында тіркелген шет мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдері мен консулдық мекемелеріне өзінің зор ілтипатын білдіре отырып, консулдық іс-әрекет жасауға құқығы бар Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Консулдық қызмет департаментінің екінші хатшысы———— Оның қол қою үлгісін жолдауды өзіне зор мәртебе санайды.

Сыртқы істер министрлігі осы мүмкіндікті пайдалана отырып, өзінің Қазақстан Республикасында тіркелген шет мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелеріне құрметін тағы да куәландырады.

Астана қаласы, 2005 ж. « 29.»...шілде.....
М.О.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА
ТІРКЕЛГЕН ШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ
ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ӨКІЛДІКТЕРІ
МЕН КОНСУЛДЫҚ МЕКЕМЕЛЕРІ
Астана, Алматы, Мәскеу ққ.**

.....

12-тапсырма. Мәтінді аударыңыз.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстандағы барлық шетелдік Елшіліктер мен дипломатиялық өкілдіктерге өзінің ілтипатын білдіреді және ү.ж қыркүйек айының 28 мен 30 жұлдызы аралығында Астана қаласының «Конгресс-холл» төрінде ұйымдастырылып отырған екінші кезекті қазақстандық «Астана демалыс – 2005» (“Astana Leisure – 2005”) халықаралық туристік көрменің өтуі жоспарланып отырғанын хабарлауды өзіне мәртебе санайды.

Аталмыш көрмеге туризм саласындағы шетелдік ұйымдар мен компаниялардың да қатысуға мүмкіншіліктері бар екендігін атап өтеміз. «Астана демалыс – 2005» халықаралық көрмесіне қатысу туралы қосымша ақпаратты «Itesa» көрмелік компанияның Қазақстандағы өкілі Ирен Вайнерден ... телефоны бойынша (факс: .. немесе Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Сауда және туристік қызметті реттеу жөніндегі комитетінентелефоны бойынша (факс:...) сондай-ақ интернет желісіндегі мына сайттардан (...) алуға болады.

Министрлік осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Елшілікті өзінің зор құрметіне тағы да сендіреді.

Астана, 2005 жылғы «3» тамыз
М.О.

**ШЕТЕЛДІК ЕЛШІЛІКТЕР
МЕН ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ
ӨКІЛДІКТЕРГЕ**

Астана, Алматы

13-тапсырма. Мәтінді оқып, термин сөздердің мағынасын түсіндіріңіз.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасында тіркелген барлық дипломатиялық өкілдіктеріне өзінің ілтипатын білдіреді және Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің Антитеррористік орталығы ұйымдастырып отырған, ү.ж 17 маусымда Парламент үйінің «Дөңгелек бөлмесінде» өтетін (Астана, Абай к-сі, 33-үй «а») лаңкестік пен экстремизм көріністерімен байланысты заң бұзушылықтардың профилактика мәселелері жөніндегі ғылыми-практикалық конференциясына Қазақстан Республикасындағы дипломатиялық корпус өкілдерін шақыруды өзіне мәртебе деп санайды. Қатысушыларды тіркеу – 09.30-09.50 дейін, конференцияның басталуы сағат 10.00, аяқталуы 18.00.

Конференцияға Сенат пен Мәжіліс депутаттары, Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, саясаткерлер, баспасөз, Қазақстанның және таяу шетелден ғылыми шеңберлерінен өкілдері шақырылды.

Қатысушылардың аты-жөндерін ү.ж маусымның 14-не дейін Министрлікке жіберілуін (тел...) өтінеміз.

Министрлік осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Елшілікке өзінің зор ілтипатын білдіретіндігіне тағы да сендіреді.

Астана 2005 жылғы «10» маусым
М.О.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТІРКЕЛГЕН БАРЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ӨКІЛДІКТЕРГЕ Алматы мен Астана қ-ры

Сөздік

Жоғары Мәртебелі – Ваше превосходительство; Высокопочтенный;
достопочтенный; высокочтимый
зор ілтипат – огромное внимание
гүлдену – процветание, процветать
әріптестік – партнёрство
ілеспе хаттар – сопроводительные письма
ынтымақтастық – сотрудничество; содружество; дружба; сплочённость

14-тапсырма. Үлгіні оқып, етістіктердің қай райда тұрғанын анықтаңыз.

Құттықтау нотасы

Астана қаласы
200_____

Жоғары Мәртебелі,

Пәкістан Ислам Республикасының Ұлттық мерекесі – Республика күніне орай Қазақстан халқы мен өз атымнан шын жүректен құттықтауым мен шынайы лебізімді жолдағым келеді.

Осы орайда, екі ел арасындағы түрлі саладағы әріптестікті қамтамасыз етуге және екі ел экономикалары байланысын тереңдетуге бағытталған ынтымақтастықтың дамуын жоғары бағалаймыз.

Жоғары Мәртебелі, өзіңізге зор денсаулық және бақыт, достас Пәкістан халқына гүлдену тілегім келеді.

Жоғары Мәртебелі

_____мырзаға

Пәкістан Ислам Республикасының

Президенті

Исламабад

15-тапсырма. Үлгімен танысыңыз.

**Жоғары мемлекеттік деңгейде жазылатын
хаттардың үлгілері**

Астана қаласы
1999_____

Жоғары Мәртебелі,

Сіздің жылы лебізіңіз және еліңізге сапармен келіп қайтуға шақырғаныңыз үшін шынайы ризашылығымды білдіруге рұқсат етіңіз. Елдеріміз арасындағы қарым-қатынастардың жедел дамуын оң бағалай отырып, арадағы достық пен бауырластық байланыстарды одан әрі нығайтуға Қазақстанның ұмтыла беретіндігін атап өткім келеді.

Пәкістан Ислам Республикасына ресми сапармен келіп қайтуға шақыруыңызды зор қуаныш сезіммен қабылдаймын және сапарды жүзеге асыру үшін келесі 2000 жыл ең қолайлы мерзім болады деп ойлаймын.

Жоғары Мәртебелі, өзіңізге зор денсаулық пен баянды бақыт, бауырлас Пәкістан халқына өркендеу мен өрлеу тілеген ақ ниетімді қабыл алыңыз.

Ізгі ниетпен,.....

Жоғары Мәртебелі

_____мырзаға
Пәкістан Ислам Республикасының
Премьер-министрі
Исламабад

Астана қаласы
2000_____

16-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ КЕҢСЕСІ**

1998 жылғы IV тоқсандағы Бенилюкс елдерімен Қазақстанның арасындағы екі жақты экономикалық ынтымақтастықтың экономикалық жай-күйі мен дамуы туралы Қазақстан Республикасының Бельгия корольдігіндегі Елшілігі дайындаған тоқсан сайынғы ақпараттық анықтаманы жіберіп отырмыз.

Қосымша: аталған, 1 п.

Министр _____

аты-жөні

17-тапсырма. Мәтінді аударыңыз.

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің
«Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің
басқосуын әзірлеуге байланысты ұйымдастыру комитетін құру туралы»
қаулысының жобасына
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) процесін одан әрі дамытуға қатысты 2000 жылғы 28 желтоқсандағы № 5283 тапсырмасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі _____ 2001 жылғы 20 қаңтардағы № 13491 тапсырмасын орындау үшін АӨСШК-ге мүше елдердің мемлекеттері мен үкіметтері басшыларының басқосуын өткізу жоспарланып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Сыртқы істер министрінің басшылығымен АӨСШК басқосуын әзірлеу жөніндегі Ұйымдастыру комитетін мынадай құрамда құруға келісімін берді: Қазақстан Республикасының Президентінің ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі көмекшісі – Қауіпсіздік

кеңесінің хатшысы; Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім, Көлік және коммуникациялар, Ішкі істер, Қаржы министрлері, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы және Қазақстан Республикасының Президентінің Іс басқармасының басшысы.

Сыртқы істер министрі Ұйымдастыру комитетінің құрамына төмендегі лауымды адамдарды: ҚР Президентінің Күзет қызметінің бастығын; ҚР Президентінің Протокол бастығын; Сыртқы істер вице-министрін және Алматы қаласының әкімін енгізіп, аталған комитетті ұлғайтуды орынды деп санайды.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының осы жобасы әзірленді.

Министр _____

аты-жөні

18-тапсырма. Құжатты оқыңыз.

**Сырттан келіп түсетін құттықтауларға қатысты
ілеспе хаттар үлгілері**

1-үлгі

Қазақстан Республикасының Премьер-Министріатына дипломатиялық арнамен келген (келіп түскен, жолданған) Малайзияның Премьер-Министрі М. Мохамадтың құттықтау хатын жіберіп отырмыз.

Қосымша: 2 п.

2-үлгі Малайзияның Премьер-Министрі М. Мохамадтың Қазақстанның Тәуелсіздік күні мерекесіне орай Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі құттықтаған хатын жіберіп отырмыз.

Қосымша: 2 п.

19-тапсырма. Тарихи құжат мәтінін оқып, таныс емес сөздерді сөздіктен қараңыз.

ПРАВИТЕЛЬСТВЕННАЯ НОТА

НОТА СОВЕТСКОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА ПРАВИТЕЛЬСТВУ ИЗРАИЛЯ

10 июня 1967 г.

Только что получено сообщение о том, что израильские войска, игнорируя решение Совета Безопасности о прекращении военных действий, продолжают

эти действия, осуществляют захват сирийской территории и движутся в направлении Дамаска. Советское правительство предупреждает государство Израиль, что оно несет всю тяжесть ответственности за вероломство, за вопиющее нарушение решений Совета Безопасности.

Если Израиль не прекратит немедленно военные действия, Советский Союз, совместно с другими миролюбивыми государствами, применит в отношении Израиля санкции со всеми вытекающими отсюда последствиями.

Советское правительство заявляет, что ввиду продолжения агрессии со стороны Израиля против арабских государств и грубого нарушения им решений Совета Безопасности правительство Союза ССР приняло решение о разрыве дипломатических отношений Советского Союза с Израилем.

АВП СССР

Известия, 1967, 10 июня

(Из сборника «Дипломатическая и консульская службы»)

20-тапсырма. Тарихи құжат мәтінін оқып, қазақ тіліне аударыңыз.

Тост

Предполагаемый тост президента США

Д. Эйзенхауэра на завтраке в честь короля Хусейна, 1959 г.

Ваше Величество, Ваши превосходительства, господа!

Мы имеем удовольствие и честь принимать сегодня Его Величество Короля Хашимитского Королевства Иордании Хусейна.

Американцы восхищаются мужеством, и наш сегодняшний гость воплощает это великое качество в совершенстве. Мы с восхищением следим за смелой и решительной защитой Его Величеством независимости и целостности своей страны и принципов, в которые он верит. История доказала, что нация, которая мужественно защищает саму себя и свои права, независимо от шансов их защитить, получает поддержку других стран, потому что её лидеры и, в особенности, король Хусейн, не отступили и не отказались в момент суровых испытаний. Счастлива нация, которая имеет такого вождя.

Господа, я приветствую Его Величество и прошу вас присоединиться к моему тосту за него. Да благословит Господь его и его народ.

NEA: NE: SW Rockwell: eal

Источник: NAUS. RG59. Lot File No.61 D20 (Box 1 of 2).

Subject Files Relating to Iraq and Jordan

1956-1959

(Из сборника «Дипломатическая и консульская службы»)

Сөздік

дипломатиялық өкілді тіркеу – аккредитование дипломатического представителя

елші - посол

елшілік - посольство

дипломатиялық өкілдіктер – дипломатические представительства

21-тапсырма. Ауыспалы осы шақта тұрған етістіктерді жедел өткен шақпен ауыстырыңыз: өткізеді, дайындайды, қабылдайды, салыстырады, көзделеді, ұсынады, талқылайды, хабарлайды, баяндайды, қатысады, талдайды.

22-тапсырма. Өзіңізге ұнайтын бір үкімет басшысының саяси-экономикалық концепциясы, іс-әрекеттері, үкіметке дейінгі қызмет жолы туралы шолу жасаңыз.

1. Бұқаралық ақпарат құралдарына сүйене отырып, үкіметіміздің бір аптада атқарған жұмысының кестесін жазыңыз.

2. Өркендетті, дамыған бір елді мысалға келтіріп, оның экономикасына қысқаша сипаттама беріңіз.

3. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы жөнінде пікіріңіз қандай?

4. ЕҚЫҰ VII Саммитінің нәтижесі қандай?

23-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Дипломатиялық тәжірибеде кездесетін хат алмасу құжатының түрі?

2. Жеке нотаның құрылымы қандай?

3. Вербальді нота қалай жазылады?

4. Дипломатиялық тәжірибеде осы ноталардың қайсысы жиі қолданылады?

5. Құттықтау нотасы қандай жағдайларда жазылады?

24-тапсырма. Құжат үлгісімен танысыңыз.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ ЖОБАСЫН ЖАСАСУ КЕЗІНДЕ ЖИІ ҚОЛДАНЫЛАТЫН МӘТІНДЕР ҮЛГІСІ

Осы Келісім нақты белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі оның қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жіберген күннен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалатын болады – Настоящее Соглашение заключается на неопределённый срок и будет оставаться в силе до истечения 6 месяцев с даты, когда одна из Сторон направит письменное уведомление другой Стороне о своём намерении прекратить его действие.

Жоғарыда аталған ескертпелерді қарауыңызды және сол ескертпелерді есепке ала отырып, пысықталған мәтінді ҚР Сыртқы істер министрлігінің қайта қарауына ұсынуыңызды сұраймыз – Просим рассмотреть вышеуказанные замечания и представить доработанный с их учётом текст на повторное рассмотрение в МИД РК.

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді – Настоящее Соглашение вступает в силу с даты получения последнего письменного уведомления о выполнении Сторонами внутригосударственных процедур, необходимых для его вступления в силу. Осы Келісім екі жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың бірде бірі кезекті екі жылдық мерзім аяқталардан кем дегенде алты ай бұрын оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламаны екінші Тарапқа жолдамаса, келесі екі жылға ұзартылады – Настоящее Соглашение заключается сроком на два года и будет продлеваться на последующие два года, если ни одна из Сторон не менее чем за шесть месяцев до истечения очередного двухлетнего срока не направит другой Стороне письменное уведомление о своём намерении прекратить его действие.

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалармен рәсімделеді – По взаимному согласию Сторон в настоящее Соглашение могут вноситься изменения и дополнения, которые оформляются протоколами, являющимися неотъемлемой частью настоящего Соглашения.

Осы Келісім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және бес жыл мерзімге жасалады. Осы Келісім егер Тараптардың бірде бірі кезекті кезең аяқталардан кем дегенде алты ай бұрын оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламаны екінші Тарапқа жолдамаса, келесі бесжылдық кезеңдерге ұзартылады – Настоящее Соглашение вступает в силу со дня подписания и заключается сроком на пять лет. Настоящее Соглашение будет продлеваться на последующие пятилетние периоды, если ни одна из Сторон не менее чем за шесть месяцев до истечения очередного периода не направит письменное уведомление другой Стороне о своём намерении прекратить его действие.

Осы Келісім Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа да Халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды. – Настоящее Соглашение не затрагивает прав и обязательств Сторон, вытекающих из других международных договоров, участниками которых они являются.

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті барлық мемлекетшілік рәсімдерді орындағаны туралы Тараптардың соңғы жазбаша хабарламасы алынған күннен бастап 30-күні күшіне енеді – Настоящее Соглашение вступает в силу на 30-й день с даты получения последнего письменного уведомления Сторон о

выполнении всех внутригосударственных процедур, необходимых для вступления настоящего Соглашения в силу.

Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалармен рәсімделеді – По взаимной договорённости Сторон в настоящее Соглашение могут внесены изменения и дополнения, которые будут оформляться протоколами, являющимися неотъемлемой частью Соглашения.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде пікір алшақтықтары туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады – В случае возникновения разногласий при толковании положений настоящего Соглашения, Стороны будут обращаться к тексту на русском языке.

.....қаласында.....жылғы «.....».....қазақ және орыс тілдерінде екі данадан жасалды.

Совершено в «.....».....г. в двух экземплярах на казахском,и русском языках.

25-тапсырма. Құжат құрылымымен танысыңыз.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН УКРАИНА АРАСЫНДАҒЫ КОНСУЛДЫҚ ШАРТ

1-бап. Консулдық мекеменің ашылуы

1. Консулдық мекеме – консулдық орналасқан мемлекеттің аумағында тек сол мемлекеттің келісімімен ғана ашыла алады.

(Интернет материалдарынан алынған)

43-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. ЕҚЫҰ VII Саммиті қашан өтті?
2. Астана Саммитінің ерекшелігін атап өтіңіз?
3. ЕҚЫҰ VII Саммитінде қандай өзекті мәселелер қарастырылды?
4. Еуразиялық интеграциялық бастамалар кімнің ұсынысы бойынша жасалған?
5. ЕҚЫҰ-ның ең маңызды Саммиттерін атаңыз?

Пікірталас: Астана Саммитінің стратегиялық мәні қандай?

44-тапсырма. Атауларды орыс тіліне аударып, екі тілде де қысқарған түрін көрсетіңіз.

Халықаралық Валюта Қоры, Дүниежүзілік Банк, Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттік, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Біртұтас Экономикалық Кеңістік, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы, Халықаралық Еңбек Ұйымы, Жауапкершілігі шектеулі серіктестік, Бұқаралық ақпарат құралдары, Жабық акционерлік қоғам, Дүниежүзілік Сауда Ұйымы, Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі.

МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРА ГОСУДАРСТВЕННАЯ ГРАНИЦА

ҚР Мемлекеттік шекарасы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы – Қазақстан территориясындағы құрлықтың, судың, жер қойнауының және әуе кеңістігінің шегін анықтайтын түзу сызық, сол сызық арқылы өтетін жазықтық.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын белгілеу

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы жергілікті аймақтарда нақты көрінетін шекаралық белгілермен белгіленеді.

Шекаралық белгілердің түрлері, өлшемдері, олардың сипаттамасы мен құру тәртібі ҚР Министрлер кабинеті мен халықаралық шарттар арқылы анықталады.

*(«Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы» ҚР Заңы
1993 жыл 13 қаңтар)*

(Орыс тілінен аударылып берілді)

Есіңізде сақтаңыз!

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекараға байланысты қабылдаған халықаралық шарттары:

1. «Достастыққа мүше мемлекеттердің, олардың сыртқы шекарасында тұрақтылық жағдайды қамтамасыз етуіне байланысты ынтымақтастық туралы келісім».

Бішкек, 1992 ж. 9 қазан.

2. «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше-мемлекеттердің егемендік, территорияның мызғымастығы мен қол сұқпаушылығын сақтау жөніндегі Декларация»

Мәскеу, 1994 ж. 15 сәуір.

3. «Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекаралары жөніндегі ҚР мен ҚХР арасындағы келісім».

Алматы, 1994 ж. 28 сәуір.

4. «ҚР мен РФ арасындағы сыртқы шекараны қорғаудағы ынтымақтастық туралы шарт».

Мәскеу, 1994 ж. 21 қазан.

5. «ҚР мен РФ арасындағы сыртқы шекараны бірлесіп қорғау жөніндегі шарт».

1995 ж. 30 шілде.

6. «ҚР мен Өзбекстан Республикасы арасындағы «Қазақстан-Өзбекстан» шекарасы жөніндегі шарт».

2001 жыл.

45-тапсырма.

Мына сөз тіркестерімен сабақтас құрмалас сөйлемдер құрастырыңыздар.

Аумақтық тұтастықты қорғау, саяси тұрақтылықты сақтау, ұлттық экономиканы дамыту, өзара ымыраға келу, әріптестік деңгейге көтеру, жоғары деңгейдегі кездесулер, бірлесіп пайдалану, әділетті және ұтымды пайдалану, үкіметаралық келісім жобасы, жаһандық мәселелер.

Глоссарий

Шекараны делимитациялау (лат. *delimitatio* – белгілеу) – келіссөздер арқылы мемлекеттер арасында шекара сызықтарының жалпы (ортақ) бағытын анықтау. Делимитациялау туралы қаулылар әдетте мемлекеттік шекараларды белгілеу немесе өзгерту туралы бейбіт шарттарды немесе арнайы келісімдердің құрамдас бөлігі болып табылады. Делимитациялау барысында уағдаласушы мемлекеттер (қағида бойынша, шекара маңында жұмыстар жүргізусіз, карта бойынша) шекара сызықтарының өтуіне сипаттама жасайды, ол шарттың өзінде немесе оның қосымшасында дербес бап болуы мүмкін. Осылайша белгіленген шекара сызығы шартқа

қосымшаланатын Арнайы дипломатиялық терминология картаға түсіріледі. Делимитациялау материалдары шекараны анықтаудың – оны жер аумағына жүргізудің келесі кезеңі үшін негіздеме болып қызмет атқарады.

Шекараны демаркациялау (лат. *demarkatio* – межелеу) – арнайы шекаралық таңбалармен белгілеу арқылы жер аумағына мемлекеттік шекараны жүргізу. Демаркацияны паритеттік (тепе-теңдік) бастамаларда құрылатын бірлескен комиссиялар шекараны делимитациялау туралы құжаттардың (шарт, карта, шекараның сипаттамасы) негіздемесінде жүргізеді. Демаркация бойынша жұмыстар жасау кезінде топографиялық суретке түсіру немесе жерді аэрофотолық суретке түсіру жүргізіліп, соның негіздемесіне сәйкес шекара жолағының ірі масштабты топографиялық картасы жасалады, шекаралық таңбалар белгіленеді және олардың координаттары айқындалады. Демаркация құжаттары уағдаласушы тараптардың заңнамасына сәйкес бекітілгеннен кейін күшіне енеді.

Виза

Виза (латын тілінен *VISUS* – қаралған, тексерілген деген мағынаны білдіреді). 1) қандай-да бір құжаттағы, немесе актідегі, оның растығын немесе толық әрекеттілік күшін куәландыратын жазба; 2) Берілген мемлекетке кіру, өту немесе одан шығуға рұқсат беретін төлқұжатта ресми көрсетілген белгі.

Виза (от латинского *VISUS* – увиденный, просмотренный). 1) надпись на документе или акте, удостоверяющая его подлинность или придающая ему силу; 2) официальная отметка в паспорте о разрешении на въезд в данное государство, проезд или выезд из него.

Глоссарий

Сыртқы істер министрлігі, дипломатиялық өкілдік немесе консулдық қоятын ерекше белгі және паспортына қойылатын адамның дипломатиялық мәртебесін тануды білдіреді. Дипломатиялық виза үкімет мүшелеріне және мемлекеттің жоғары лауазымды адамдарына, халықаралық конференция делегаттарына, төтенше дипломатиялық миссиямен жіберілетін адамдарға, ресми мақсаттағы іссапарларға жіберілетін дипломатиялық қызметкерлерге, дипломатиялық курьерлерге және т.б. беріледі.

кету, келу және транзит визалары - выездные, въездные и транзитные визы.

Визасыз келу, кету - безвизовый въезд, выезд.

Сыртқы істер ведомствосы, дипломатиялық өкілдік немесе консулдық қояды.

Есіңізде сақтаңыз!

1. Әзірбайжан, Армения, Беларусия, Грузия, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан, Өзбекістан және Украина сияқты Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) құрамына кіретін мемлекеттердің азаматтарына Қазақстанға келу үшін кіру визасы қажет емес.

90 күнге дейін Қазақстанда визасыз бола алады.

2. Басқа шет елдердің азаматтары Қазақстанға келу үшін кіру визасын алулары қажет.

3. Кіру визасын алу үшін сіздің төлқұжатыңыз жоспарланған ұшу күнінен кейін кем дегенде 6 ай ішінде жарамды болуы тиіс. Рұқсат алған соң, виза төлқұжатқа жапсырылады.

4. Әр виза алу өтініші шақыру қағазымен расталуы қажет.

5. Ресми бір мәрте, жеке, іскерлік және туристік визаларды алу үшін кейбір мемлекеттердің азаматтарына шақыру қағазын тапсыру қажет емес.

6. Егер шақырған ұйым мемлекеттік емес ұйым болса, бірнеше мәрте, іскерлік және туристік визаларды алу үшін Ішкі Істер Министрлігінің Көші-қон полициясының рұқсаты қажет.

7. Кіру визасына өтінішті тұрғылықты мекенжай бойынша Қазақстанның дипломатиялық немесе өкілдік кеңселеріне беру қажет.

8. Визаға өтініш бергенде, сізде мына құжаттар болуы тиіс:

- Жарамды төлқұжат
- Төлқұжатқа арналған фотосурет
- Шақыру қағазы

Құжаттарды тапсыру кезінде консул сізден басқа құжаттарды талап етуі мүмкін.

9. Дипломатиялық визадан басқа, барлық визаға төлем төлеу міндетті.

(Интернет материалдарынан алынған)

46-тапсырма. Құжатпен танысыңыз.

Қазақстан Республикасының визаларын беру ережелері

1. Жалпы ережелер

Осы Ережелер «Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болуын құқықтық реттеудің жекелеген мәселелері» атты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы № 136 қаулысымен бекітілген Шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келуінің және болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кету тәртібінің 10-тармағына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасына кіретін, Қазақстан Республикасынан шығатын, Қазақстан Республикасында болатын, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының аумағы арқылы транзитпен өтетін шетелдіктерге виза беру тәртібін белгілейді.

Осы Ережелер қағидалары азаматтығы жоқ тұлғаларға да қатысты болып табылады.

Визаларды беруді:

1) шетелде – Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелері (бұдан әрі – ҚР шетелдердегі мекемелері);

2) Қазақстан Республикасының аумағында:

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаменті (бұдан әрі – ҚР СІМ);

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полициясы комитетінің көші-қон полициясы басқармасы және Астана, Алматы қалаларының және облыстардың Ішкі істер департаменттерінің көші-қон полициясы басқармалары (бұдан әрі – ҚР ІІМ) жүргізеді.

Визалардың ұзартылуын ҚР СІМ және ҚР ІІМ жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының визаларын (бұдан әрі – ҚР визалары) беруге төмендегі құжаттар негіз болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, Қазақстан Республикасында тіркелген шет мемлекеттері дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің, халықаралық ұйымдардың осы Ережелердің 1-ші қосымшасына сәйкес жазбаша өтініштері;

2) Қазақстан Республикасына жеке шаруаларымен және тұрақты тұруға келген, сонымен қатар Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерге арналған ішкі істер органдарының рұқсаты;

3) Заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасына шетелдіктерді шақыру үшін ҚР СІМ-не ұсынылған жазбаша өтініштері;

4) Алматы қаласындағы өңірлік қаржы орталығының қызметін реттейтін уәкілетті органның (бұдан әрі – АӨҚО) Қазақстан Республикасының аумағына қаржы орталығында қызметін жүзеге асыру үшін келетін шетелдіктерге виза беруге байланысты қолдау хаты.

2. Визаның мәртелігі

ҚР визалары бір мәртелік, екі мәртелік, үш мәртелік және көп мәртелік болуы мүмкін.

Визаның қолдану мерзімінің шегінде бір мәртелік визалар шетелдікке Қазақстан Республикасына бір мәрте келуге және Қазақстан Республикасынан шығуға құқық береді, екі, үш және көп мәртелік визалар тиісінше шетелдікке Қазақстан Республикасына екі, үш және көп мәрте келуге және Қазақстан Республикасынан шығуға құқық береді.

3. Виза санаттары

9. Визалар санаттары бойынша төмендегідей бөлінеді:

- 1) дипломаттық (ДВ);
- 2) қызметтік (ҚВ);
- 3) инвесторлық (ИНВ);
- 4) іскерлік (ІСВ);
- 5) жеке (ЖСВ);
- 6) туристік (ТСВ);
- 7) миссионерлік (МИВ);
- 8) оқуға (ОУВ);
- 9) емделуге (ЕАВ);
- 10) жұмысқа (ЖЕВ);
- 11) тұрақты тұруға (ТТВ);
- 12) шығу визасы (ШЖВ);
- 13) транзиттік (ТВ).

Дипломаттық виза (ДВ)

Дипломаттық визалар:

- 1) Қазақстан Республикасына жұмыс істеу үшін жіберілетін Қазақстан Республикасында тіркелген шетел дипломаттық өкілдіктерінің дипломаттық агенттеріне және консулдық мекемелердің консулдық лауазымды тұлғаларына және олардың отбасы мүшелеріне;
- 2) Қазақстан Республикасына қызметтік сапармен жіберілетін, дипломаттық паспорттардың иелеріне;
- 3) Дипломаттық агенттің мәртебесіне теңестірілген халықаралық ұйымдардың паспорттарының иелеріне;
- 4) Қазақстан Республикасында тіркелген халықаралық ұйымдардың қызметкерлеріне және олардың отбасыларының мүшелеріне;
- 5) шетел мемлекеттерінің, үкіметтерінің басшыларына және олардың отбасы мүшелеріне;
- 6) дипломаттық паспорттарының иелері - шет мемлекеттері парламентінің, үкіметінің мүшелеріне және олардың отбасы мүшелеріне, сонымен қатар дипломаттық паспорттардың иелері – шетел ресми делегациясының мүшелеріне және олармен бірге жүретін адамдарға;
- 7) курьерлік парағы бар болған жағдайда, дипломаттық поштаны тасымалдаушы дипломаттық паспорттардың иелері – дипломаттық курьерлерге;
- 8) Қазақстан Республикасының құрметті консулдарына және олардың отбасы мүшелеріне;
- 9) Қазақстан Республикасында тіркелген шетел мемлекеттерінің құрметті консулдарына және олардың отбасы мүшелеріне беріледі.

Дипломаттық визалар төмендегі тұлғаларға берілмейді:

- 1) дипломаттық паспорттарын көрсеткен, бірақ Қазақстан Республикасында дипломаттық сапасы танылмайтын тұлғаларға;
- 2) дипломаттық поштаны тасымалдаушы адамның дипломаттық паспорты жоқ болған жағдайда.

Дипломаттық визалар бір, екі, үш және көп мәрте келуге және шығуға беріледі.

(Интернет материалдарынан алынған)

47-тапсырма. Құжатты толтырыңыз.

Француз Республикасы

Сыртқы Істер Министрлігі

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ТРАНЗИТ ВИЗАСЫНА СҰРАНЫС ФОРМУЛЯРЫ

Маңызды. Барлық айдарлар бас әріппен жазылуы керек. Қате кеткен жағдайда сіздің сұранысыңыз қабылданбайды. Формулярға мерзімін көрсетіп, екінші параққа қол қойылуы керек. Еуропалық Одақ жанұя мүшелері 1994 жылы 11 наурыздағы 94-211 декретіне сәйкес 15,19,20,22,23 тармақтарын қоспағанда, 12-25 айдарларды толтырудан босатылады.

1. ТЕГІ -----

2. БАСҚА АТТАРЫ (туғанда берілген аты, бүркеншік аты, екінші аты, кейініректе алған аты.)

3. АТЫ (аттары) -----4. ЖЫНЫСЫ-----

5. ТУҒАН ЖЫЛЫ, ЖЕРІ -----6.ЕЛІ-----

7. ҚАЗІРГІ УАҚЫТТАҒЫ АЗАМАТТЫҒЫ--ТУҒАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҒЫ—

8. ОТБАСЫ ЖАҒДАЙЫ. Үйленбеген/---үйленген/--бөлек тұрады/--ажырасқан/-жесір/
Тұрмысқа шықпаған.--Тұрмысқа шыққан.

9. ЖҰБАЙЫ -----

а) ТЕГІ, АТЫ -----

б) ТУҒАН ЖЫЛЫ, ЖЕРІ-----АЗАМАТТЫҒЫ-----

ЕГЕР СІЗДІҢ ЖОЛДАСЫҢЫЗ СІЗБЕН БАРАТЫН БОЛСА ЖӘНЕ СІЗДІҢ ТӨЛҚҰЖАТЫҢЫЗҒА ЖАЗЫЛСА, БЕЛГІ ҚОЙЫҢЫЗ.

с)БАЛАЛАР: сізбен баратын және сіздің төлқұжатыңызға жазылған балалар ғана толтырады.

ТЕГІ, АТЫ-----ТУҒАН ЖЫЛЫ-----ТУҒАН ЖЕРІ-----АЗАМАТТЫҒЫ-----

д) ӘКЕ-ШЕШЕСІНІҢ АТЫ-ЖӨНІ-----

10. ТӨЛҚҰЖАТТЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА ЖОЛ ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ МӨЛІМЕТТЕРІ

-----төлқұжаттар ----- басқа құжаттар (анықтау.)-----

Нөмірі: -----Құжаттарды берген ел немесе орган---

БЕРІЛДІ----- МЕРЗІМІНІҢ БІТУІ -----

11. ТҰРАҚТЫ МЕКЕНЖАЙЫ.

ОСЫ УАҚЫТТА, ЕГЕР СІЗ

ЖОЛАУШЫ РЕТІНДЕ НЕМЕСЕ УАҚЫТША РЕЗИДЕНТ БОЛСАҢЫЗ - бұл тармақ, егер сіз Қазақстанда транзитпен болсаңыз, толтырылады.

Резиденция еліне қайтуға рұқсат қажет болған жағдайда

Тұрмыс түрі-----нөмірі-----мерзімінің бітуі-----

Оралу визасы-----нөмірі-----мерзімінің бітуі-----

НЕМЕН АЙНАЛЫСАДЫ-----
ЖҰМЫС БЕРУШІ-----
ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ МЕКЕНЖАЙЫ-----ФАКС НӨМІРІ----- ФОТО

СӘЙКЕС КЕЛЕТІН жауапты крестпен белгілеңіз

НЕГІЗГІ БАҒЫТ (ЕЛ)-----БІРІНШІ ҚИЫЛЫСУ ШЕКАРАСЫ-----
----- Шенген Одағы аумағында----- (ел)-----

БАРУДЫҢ МАҚСАТЫ (қызмет бабымен, турист ретінде, жеке шақыру, оқуға/
тағылымдамадан өтуге шақыру)-----
ТЕГІ НЕМЕСЕ ШАҚЫРУШЫНЫҢ АТЫ-----
МЕКЕНЖАЙЫ-----АЗАМАТТЫҒЫ-----
КЕЛГЕН УАҚЫТТАҒЫ МЕКЕНЖАЙЫ-----
ВИЗАНЫҢ СҰРАЛЫМЫ(*)-----1-РЕТТІК-----2-РЕТТІК-----КӨП РЕТТІК-----

ТРАНЗИТ ЖАҒДАЙЫНДА: баратын ел--сізге баратын елге рұқсат бар ма?--(*) ИӘ-ЖОҚ
ЕГЕР ИӘ БОЛСА, ҚАНДАЙ ТҮРІ-----НӨМІРІ-----
ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ-----РҰҚСАТ БЕРГЕН ОРҒАН-----

БАРҒАН УАҚЫТТАҒЫ ӨМІР СҰРУ ТӘСІЛДЕРІ (қолма-қол, жол чектері, несие картасы,
сақтандыру, демеуші, көлік билеттері)-----
ШЕНГЕН ОДАҚ ЕЛДЕРІНЕ БҰРЫН КЕЛГЕН МЕРЗІМІ (алынған визалар) айы, жылы-ЕЛ
ВИЗАЛАРҒА БҰРЫНҒЫ СҰРАНЫСТАРДЫҢ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ (бас тартқан
визалар)
КӨЛІК ТӘСІЛІ (транзит жағдайында)-----

БАСҚА ДА МӘЛІМЕТТЕР

ЖАСАЛҒАН------(қала)-----
ТОЛТЫРЫЛҒАН МЕРЗІМІ-----ӨТІНІШ БЕРУШІНІҢ ҚОЛЫ-----

Мен, визаны алу үшін Шенген Одағының құзыретті органдарына осы
формулярда көрсетілген жеке мәліметтерімді тапсыруға рұқсат етемін. Менің
ақпаратымның барлығы саналы түрде, мазмұны толық және нақты берілгенін
растаймын. Жалған ақпарат берілген жағдайда шығын келтірілмей, визаның
берілмеуіне немесе берілген визаның жойылуына әкеледі.

Маған берілетін визадағы мерзімнің аяқталуына байланысты, Шенген
Одағының аумағынан кетуге міндеттенемін.

Виза – Шенген Одағының аумағына кіруге мүмкіндік беретін шарттардың
бірі екені туралы мәлімет алдым. Кіруге рұқсат берілмеген жағдайда, мен
шығынымды өтеуге талап ете алмаймын.

1978 жылдың 6 қаңтарында шыққан «Ақпарат ашықтығы мен еркіндігі» туралы 78-17 Заңы осы визаның сұранысы бойынша оның нақтылығын тексеру және жіберілген қателіктер болған жағдайда, оларды өзгерту үшін тіркелген ақпаратты алуға маған құқық береді.

Визаны рәсімдеуге қойылатын талаптар:

1. Кетіп бара жатқан тұлғаның өзінің қатысуы;
2. Жеке куәлігі және бас парағының көшірмесі;
3. Бір данада толтырылған сауалнама;
4. Балаларды қоса алғанда, кететін әр тұлғаның екі түсті фотосуреттері (3,5*4,5 көлемінде және ашық бір түсті фонда);
5. Консулдық алым **теңгемен** қабылданады (35 еуро - қысқа мерзімдік виза, 99 еуро - ұзақ мерзімдік виза);
6. Жалақысы көрсетілген, ресми бланкіде толтырылған жұмыс орнынан анықтама;
7. Егер жолдасыңыз сізбен бармаса, оның жалақысы көрсетілген ресми бланкіде толтырылған жұмыс орнынан анықтама;
8. Медициналық сақтандыру (түпнұсқасы мен көшірмесі). **Сақтандыру сомасы 30.000 еуродан кем болмауы керек;**
9. Отбасы құжаттарының көшірмесі (балалардың туу туралы куәліктері, неке/ажырасу туралы куәлігі, отбасы мүшелерінің төлқұжаттарының немесе жеке куәліктерінің көшірмесі);
10. Екі жаққа бару билеттеріне алдын ала сұраныс жасау. Визаны алуға рұқсат етілген жағдайда төлқұжат пен визаны алатын күні екі жаққа барудың авиабилеттерінің түпнұсқасы мен көшірмесін беру қажет;
11. Егер сіз сапарға кәмелетке толмаған баламен (18 жасқа дейін) барсаңыз, екінші ата-анасының нотариалдандырылған, француз тіліне аударылған баруға рұқсаты талап етіледі (түпнұсқасы мен көшірмесі).

К Е Л Е С І Қ О С Ы М Ш А Ш А Р Т Т А Р І С С А П А Р Ғ А Б А Р Ғ А Н Ж А Ғ Д А Й Д А :

1. Француз компаниясынан баратын тұлғаны шақыру (түпнұсқа мен көшірмесі);
2. Сапарды төлейтін ұйымның растауы (іссапар туралы бұйрық) немесе бір адам үшін күніне 40 еуро есебімен (қолма-қол) ақша жұмсауын растау;
 - карталық немесе жинақтаушы шот есебінің баруын растайтын банктен анықтама алу;
 - айырбастау пунктiнен валютаны сатып алу туралы сертификат (түпнұсқа мен көшірмесі);
 - қонақүйге алдын ала сұраныс жасау (екі данада) қабылданады;

ЖЕКЕ САПАРҒА/ ТУРИЗМГЕ БАРҒАН ЖАҒДАЙДА:

1. Мэриядан шақырудың түпнұсқасы (.....) немесе қонақүйге алдын ала сұраныс жасау (түпнұсқа мен көшірмесі);
2. Егер шақыратын тұлға Францияда тұрғылықты тұратын жағдайда, сол тұратын немесе өмір сүретін түрінің көшірмесі;
3. Күніне 40 еуро есебімен (қолма-қол) ақша жұмсалуын растау;
4. Қарталық немесе жинақ шот есебінің баруын растайтын банктен анықтама;
5. Айырбастау пунктiнен валютаны сатып алу туралы сертификат;
6. Өзіне барлық шығындарды алу туралы шақырушы тұлғаның келісімі, оған қоса француз төлқұжатының (жеке төлқұжатының/ көшірмесі және соңғы үш айдағы табыстары туралы құжаттар (бір көшірмеде).

СТУДЕНТ ҮШІН/ ОҚУҒА:

1. Оқу түрі мен оның мерзімі туралы ақпараты бар Франциядағы оқу орнында өткен оқуы туралы растау (түпнұсқасы мен көшірмесі);
2. Жылына 5000 еуро есебімен ақша жұмсалуын растаудың болуы;
3. Тұрғын үймен қамтамасыз ету туралы растау;
4. Оқу орнынан/ жұмыс орнынан анықтама (түпнұсқасы мен көшірмесі);
5. Нотариалды куәландырылған, француз тіліне аударылған соңғы дипломның көшірмесі;
6. 18-ге толмаған студенттер үшін, француз тіліне аударылған, туу туралы куәлігі мен екі ата-анасынан кетуі туралы рұқсаты. (Өтінеміз, Консулдық бөлімнен рұқсаттың моделін сұраңыз).

Құжаттарды қабылдау

Жұма мен демалыс күндерін қоспағанда

Күнделікті сағат 9.00-11.30 дейін жүзеге асады

Құжаттарды беру мен кеңес беру

Күнделікті сағат 14.30-16.30 дейін және жұма күні 9.00-12.00 дейін

9.00-ден және 10.00-де француз полиция қызметкері сауалнамаға мөр қояды. (мөрсіз сауалнама қабылданбайды);

1. Құжаттар тек толық жиынтықта қабылданады;
2. Барлық қажетті құжаттарды тапсыру визаны беруге кепіл бола алмайды;
3. Визаны алу туралы ешқандай ақпарат телефон арқылы берілмейді;
4. Визаны алудан бас тартқан жағдайда, консулдық алым қайтарылмайды;
(Орыс тілінен аударылып берілді)

**Французская республика
Министерство иностранных дел
Формуляр для запроса на краткосрочную/транзитную визу**

Важно: все рубрики должны быть заполнены заглавными буквами. В случае ошибки или упущения, ваш запрос не будет принят. Формуляр должен быть датирован и подписан на стр.2

Члены семей выходцев из Европейского Союза согласно декрету 94-211 от 11 марта 1994, освобождаются от заполнения рубрик 12-25, за исключением пунктов 15,19,20,22 и 23.

1. ФАМИЛИЯ

2. ДРУГИЕ ИМЕНА (данное при рождении, псевдоним, второе имя полученное позже)

3. ИМЯ (ИМЕНА)

4. Пол

5. ДАТА И МЕСТО РОЖДЕНИЯ

5. Страна

7. Гражданство на данный момент

8. гражданство при рождении

8. СЕМЕЙНОЕ ПОЛОЖЕНИЕ

холост женат/
не замужем

женат/
замужем

живущий
врозь

разведен(а)

вдовец
вдова

СУПРУГ(А):

а) фамилия, имя

б) дата и место рождения

гражданство

Если ваш(а) супруг(а) едет с вами и вписан(а) в ваш паспорт, поставьте галочку

с) ДЕТИ: заполнять, только если дети едут с вами и вписаны в ваш паспорт

Фамилия, имя

дата рождения

место рождения

гражданство

Фамилия и имя родителей

10. Данные паспорта или другого дорожного документа

Обычный паспорт

другой документ (уточнить)

Номер

страна или орган, выдавший документ

Выдан

истекает

11. Постоянный адрес

В данный момент, если вы

Проездом или временный резидент

этот пункт заполняется если вы находитесь в

Казахстане транзитом

В случае необходимости, разрешение на возвращение в страну резиденции

Вид на жительство

номер

истекает

Обратная виза

номер

истекает

Род занятий

Работодатель

Адрес работодателя

Номер факса

ФОТО

Соответствующий ответ отметьте крестиком

Основное направление

граница первого пересечения

(страна)

на территории Союза Шенген

(страна)

Цель визита (служебная, туристическая, частное приглашение, на учебу/ стажировку)

Фамилия или название приглашающего

Адрес

Гражданство

Адрес во время пребывания

Виза запрашивается (*) 1-крат. 2-крат. многокр.

В случае транзита: страна назначения вам разрешен въезд в эту страну? Да нет

Если да, какой тип

номер

Срок действия

орган, выдающий разрешение

Средства проживания во время пребывания (наличные, дорожные чеки, кредитная карта, страховка, спонсор, транспортные билеты)

Дата предыдущих поездок

в страны Союза Шенген (полученные визы)

месяц, год - страна

Даты и место предыдущих запросов визы (визы, в которых было отказано)

Транспортные средства (в случае транзита)

Прочие данные

Сделано в (город)

Дата заполнения

Подпись заявителя

Я разрешаю передачу личных данных, указанных в этом формуляре, в компетентные органы Союза Шенген в рамках процедуры получения визы.

Я подтверждаю, что данная мной информация была дана мной в ясном сознании, и является полной и достоверной. Недостоверная информация повлечет отказ в выдаче визы или аннулирование уже выданной визы без ущерба.

Я обязуюсь покинуть территорию Союза Шенген по истечении срока визы, которая может быть мне выдана.

Я был(а) проинформирован(а), что наличие визы является только одним из условий, позволяющих въезд на территорию Союза Шенген. В случае отказа во въезде, я не могу требовать возмещения.

Закон 78-17 от 6 января 1978 «Об открытости информации и свободах» даёт мне право получить зарегистрированную информацию, касательно этого запроса визы для того, чтобы проверить его точность и исправить любую допущенную неточность.

ТРЕБОВАНИЯ К ОФОРМЛЕНИЮ ВИЗЫ

1. Личное присутствие выезжающего
2. Паспорт и одна копия его главной страницы;
3. Анкета, заполненная в одном экземпляре;
4. Две цветные фотографии (3,5*4,5 на светлом однородном фоне) на каждого выезжающего, включая детей;
5. Консульский сбор в тенге (35 евро - краткосрочная виза, 99 евро - долгосрочная);
6. Справка с места работы на официальном бланке с указанием заработной платы;
7. Если ваш супруг(а) не едет с Вами, справка с место его работы на официальном бланке с указанием его заработной платы;
8. Медицинская страховка (оригинал и копия). **Страховая сумма должна быть не менее 30.000 евро;**
9. Копии семейных документов (свидетельство о рождении детей, свидетельство о заключении/расторжении брака, копии паспортов или удостоверение личности членов семьи);
10. Бронь авиабилетов в оба конца. При положительном ответе необходимо предоставить оригинал и копии авиабилетов в оба конца в день получения паспорта с визой;
11. Если вы путешествуете с несовершеннолетним ребенком (18-летия), разрешение на его выезд за границу от второго родителя с нотариально заверенным переводом на французский язык (оригинал и копия).

Следующие дополнительные условия

Для служебной поездки:

1. Приглашение от французской компании на данное лицо (оригинал и копия);
2. Подтверждение от организации, оплачивающей поездку (приказ о командировании) или подтверждение о наличии денежных средств из расчета 40 евро в день на человека.

Принимаются:

- справка с банка о наличии карточного или накопительного счета;
 - сертификат с обменного пункта о покупке валюты (оригинал и копия);
3. Бронирование места в гостинице (в двух экземплярах).

Для частной поездки/туризм:

1. Оригинал приглашения из Мери (Attestation d'accueil) или бронирование места в гостинице (оригинал и копия);
2. Если приглашающее лицо проживает во Франции по виду на жительство, копия этого вида на жительство;
3. Подтверждение о наличии денежных средств из расчета 40 евро в день.

Принимаются:

- справка с банка о наличии карточного или накопительного счета;
- сертификат с обменного пункта о покупке валюты (оригинал и копия);
- согласие приглашающего лица взять на себя все расходы приглашенного плюс копия его французского паспорта (удостоверения личности) и документы о доходах за последние три месяца (одна копия).

Для студента/на учебу

1. подтверждение о прохождении обучения из учебного заведения во Франции, содержащее информацию о типе и сроках обучения (оригинал и копия);
2. Подтверждение о наличии денежных средств из расчета 5000 Евро в год;
3. Подтверждение о предоставлении жилья;
4. Справка с места учебы (оригинал и копия);
5. Копия последнего диплома с нотариально заверенным переводом на французский язык;
6. Для студентов, не достигших 18-летия, свидетельство о рождении с переводом на французский язык и разрешение на выезд от обоих родителей (пожалуйста, спросите модель разрешения в Консульском отделе).

Прием документов осуществляется

ежедневно, кроме пятницы и выходных, с 9.00 до 11.30

Выдача документов и консультации

ежедневно с 14.30 до 16.30 и в пятницу с 9.00 до 12.00

в 9.00 и в 10.30 французский полицейский проставляет печать в анкету

(без данной печати анкеты не принимаются)

1. Документы принимаются только при наличии полного комплекта;
2. Предоставление всех необходимых документов не гарантирует получение визы;
3. Никакая информация касательно получения визы не дается по телефону;
4. В случае отказа в получении визы, консульский сбор не возвращается .

48-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Виза дегеніміз не?
2. Виза санаттары бойынша қалай бөлінеді?
3. Дипломаттық виза алудың жалпы ережелерін атаңыз.
4. ТМД құрамына кіретін елдердің азаматтарына Қазақстанға келу үшін кіру визасы қажет пе?
5. Виза алу үшін қандай құжаттар керек?

СӨЖ тапсырмасы. «Виза және төлқұжат туралы ақпарат» сайтынан туристік виза, оқу визасы, дипломаттық виза түрлері туралы мәлімдеме дайындаңыз.

КЕДЕН

Кеден – республика бюджетін толықтыратын бірден-бір сала. Кеден – таңба, таңбашы/ белгі, мөр/ деген мағынаны білдіретін сөз. Мемлекеттік шекарадан өтетін мүлік, әртүрлі бұйымдар мен пошта қадағалайтын, шекарадан асканы үшін алым-салық жинақтайтын заңды мекеме.

Кеден ісі дегеніміз – Қазақстан Республикасының кеден ісіне тауарлар мен көлік құралдарын кеден шекарасы арқылы өткізудің тәртібі мен шарттары кедендік рәсімдеу және кедендік бақылау, кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу, кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықпен күресу және мемлекеттердің сыртқы экономикалық және басқа да қызметті жүзеге асырушы тұлғалар арасындағы биліктік қатынастарды негізделген кедендік саясатты іске асыратын басқа да құралдар жатады.

Кеден ісі мен саясаты: 1. экономикалық; 2. реттеушілік; 3. құқық қорғаушылық мақсатта іске асырылады.

Кедендік режимдер – құқықтық әдебиеттерде көбінесе мемлекеттердің кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарының мәртебесін анықтайтын ережелердің жиынтығы болып табылады.

Кедендік режимнің келесідей түрлері бар:

- тауарларды еркін айналысқа шығару;
- тауарлардың кері импорты;
- кеден қоймасы;
- бажсыз сауда дүкені;
- тауарларды кеден аумағында қайта өңдеу;
- тауарларды кеден аумағынан тыс қайта өңдеу;
- тауарларды еркін айналыс үшін қайта өңдеу;
- тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелу;
- тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкету;
- тауарлар экспорты;
- тауарлардың кері импорты;
- тауарлардың транзиті;
- тауарларды жою;
- мемлекет пайдасы үшін тауарлардан бас тарту;
- еркін кеден аймағы;
- еркін қойма;
- арнайы кедендік режим.

(“Қазақстан Республикасы Кеден кодексінен”)

49-тапсырма. Жаңа сөздермен сөздікті пайдалана отырып жұмыс істеңіз.

Кеден декларациясы – Таможенная декларация

Кеден декларациясы/Customs declaration

16 жасқа толған әрбір тұлғамен толтырылады. Қажетті жауап сай келетін рамкада x таңбасымен белгіленеді. Уақытша кіру/шығудың толық уақыты бойы сақталады. Жоғалтылған жағдайда жаңартылмайды. Filed in by every person, who reached 16 years of age. Necessary answer, in corresponding frame, is marked x by. Kept for the duration of temporary entry/exit and submitted to the customs when returning. Not renewable in case of loss.

10. **тұлға туралы мәлімет/** кіру шығу транзит

Information on person: entry exit transit

Тегі /Surname	Аты/Name	Әкесінің аты/

Тұрақты тұратын елі/ Country of permanent living	Азаматтығы/ Citizenship	Төлқұжаты/ Passport

Қандай елден келді/
Country of permanent living

Қандай елге барады/
Country of destination (Country of destination should be indicated)

менімен бірге кәмелетке толмаған балалар келеді/ иә жоқ саны/_____

Under-age children if any Numbering

 Yes No

2. **Жүк жайында мәлімет/** Иә Жоқ

Information on luggage: Yes No

2.1 **Жүк, қол жүгін есептегенде/** **Accompanying luggage**
Including hand luggage

Орындар саны/Quantity of pieces _____

a. Бөлек жіберілген жүк Иә Жоқ
(Жүкке тіркеп жіберген құжаттар бойынша)/
Non-accompanying luggage (on cargo accompanying Yes No
documents)

Орындар саны/Quantity of pieces _____

11. **Тауарлар жайында мәліметтер/Information on goods:**

Өзіммен бірге және жүгімнің арасында Міндетті түрдегі декларациялауды талап ететін және оларды шекарадан өткізуге сәйкес құзыретті органдардың рұқсат құжаттарын қажет ететін/Goods, which require declaration and permission of corresponding competent bodies for transportation abroad:

3.1 Ұлттық және басқадай қолма-қол валюта, валюталық құндылықтар, кез келген нұсқадағы және жағдайдағы бағалы металдар мен тастардан жасалған заттар/National or other currency, securities, articles made of precious metals and precious stones in any kind and condition.

Құндылықтар мен заттардың аттары/Description of Currency, valuables or articles	Сомасы, саны/Amount, quantity	
	Цифрмен/in Figures	Жазбаша/in Words

3.2 түрлі қару-жарақ, оқ-дәрілер және қопарылғыш заттар/Weapons of all description ammunition, explosives

Иә Жок

Yes No

3.3 Есірткілер мен психотропты заттар/

Иә Жок

Narcotics and psychotropic substances

Yes No

3.4 Жәдігерлер және өнер туындылары/

Иә Жок

Antiques and objects of art

Yes No

**3.5 Басылымдық шығармалар мен басқадай ақпарат көздері
Printed matters and other information carrying devices**

Иә Жок

Yes No

**3.6 Улы, күшті әсер ететін заттар мен дәрілер
Poisonous, virulent and drastic substances and drugs**

Иә Жок

Yes No

3.7 /радиоактивті заттар/

Иә Жок

Radioactive materials

Yes No

**3.8 Өсімдік және жануарлар әлемінің объектілері, бөліктері, олардан алынған өнімдер/
objects of flora and fauna**

Иә Жок

Yes No

**3.9 Жоғары жиіліктегі сәуле шашатын радиоэлектронды құралдар және байланыс құралдары/
High frequency radio-electronic and communication equipment**

Иә Жок

Yes No

3.10 Кедендік төлемдері міндеттелетін тауарлар/

Иә Жок

goods that are subject to taxation

Yes No

of customs payments

**3.11 Уақытша енгізілетін (шығарылатын)
тауарлар/
temporarily imported (exported) goods**

Иә Жоқ

Yes No

**3.12 Көлік/
transportation means**

Иә Жоқ

Yes No

кедендік бақылау мақсатында 3.2-3.12 тармақтарында аталған тауарлар бар болған жағдайда олар туралы толық мәліметтерді/for the purpose of the customs control, detailed information on goods mentioned in articles 3.2-3.12., in case of their presence it is necessary to indicate on back side of the declaration.

4. Тауарлар туралы мәліметтер/Information on goods

4.1 3.2-3.12 пункттерінде аталған тауарлар туралы мәліметтер/ Information on goods indicated in articles 3.2-3.12:

N N n/n/ № articles	Тауардың атауы мен басқадай ерекшеліктері, рұқсат құжаттарының нөмірі мен берілген күні мен оны берген орган/Description and other distinguishing features of the goods, number and date for the permission document and body which issued it	Саны/ Quantity			Ұлттық валюта немесе АҚШ долларындағы құны/ Price in national currency or \$ USD
		Цифрмен/ in figures	Жазбаша/ words	in	

Жалпы құны (барлығы) /Full amount (Total)

4.2 Көлік туралы мәліметтер/ Information on transportation means

Түрі, моделі/ _____ Type, model	Шығарылған жылы/ Output year	Қозғалтқыш көлемі(см3)/ Engine volume
Шасси № _____ Chassis №	Кузов №/ Body №	Қозғалтқыш №/ Engine №
Кедендік тәртіп/ Енгізу/ Customs regime Import	<input type="checkbox"/> Уақытша енгізу/ Temporary import	<input type="checkbox"/> Қайтадан енгізу/ Return import
	<input type="checkbox"/> Шығару/ Export	<input type="checkbox"/> Қайтадан шығару/ Return export

Маған декларацияда бұрыс мәліметтерді көрсеткен жағдайда әрекет ететін заңдар бойынша жауапқа тартылатыным белгілі/ I am aware that, false information in the customs declaration involves responsibility in accordance with acting laws.

« _____ » _____ 200 ____ ж/у.

Тұлғаның қолтаңбасы/ _____
Signature

Қызмет белгілері үшін/

For officials use:

Мән оны/ Seal:



Сөздік

төлқұжат - паспорт

кәмелетке толған - совершеннолетние

жүк жайында мәлімет – сведения о багаже

қол жүк – ручная кладь

құзыретті органдар – компетентные органы

қолма-қол валюта – валюта наличными

валюталық құндылықтар – валютные ценности

бағалы металдар – ценные металлы

бағалы тастар – драгоценные камни

есірткі мен психотропты заттар - наркотические и психотропные вещества

жәдігерлер және өнер туындылары – антиквариат и произведения искусства

басылымдық шығарылымдар мен басқа да информация көздері – издаваемые произведения и другие источники информации

улы, күшті әсер ететін заттар мен дәрілер – ядовитые, сильнодействующие препараты и лекарства

түрлі қару-жарақ, оқ-дәрілер және қопарылғыш заттар – разное оружие, боеприпасы и взрывчатые вещества

өсімдіктер және жануарлар әлемінің объектісі, бөліктері, олардан алынған өнімдер – объекты растений и мира животных, их части, полученная от них продукция

жоғары жиіліктегі сәуле шашатын радиоэлектронды құралдар және байланыс құралдары – высокочастотные светоизлучающие радиоэлектронные

приборы и средства связи

кедендік төлемдермен міндеттелетін тауарлар – тауары, облагаемые таможенными платежами

50-тапсырма. Кеден терминдерін оқып, сөздікке жазып алыңыз.

Глоссарий

Декларация – (латын тілінен *declaration* – жариялау, мәлімдеу), ресми мәлімдеу; қандай бір қажетті мәліметтерді хабардар ететін кейбір ресми құжаттардың атауы.

Декларация - (от латинского *declaration* – объявление, провозглашение), официальное заявление; название некоторых официальных документов с сообщением каких-нибудь нужных сведений.

Декларациялау (кедендік істе) – кедендік тексеру және рәсімдеу үшін қажетті шекара арқылы көлік құралдарының, тауарлардың және өзге заттардың орын ауысуы туралы, мақсаты туралы және басқа мәліметтер туралы белгіленген нысан бойынша кеденге өтініш.

Декларирование (в таможенном деле) – заявление таможене по установленной форме точных сведений о перемещаемых через границу транспортных средствах, товарах и иных предметах, о цели их перемещения и других данных, необходимых для таможенного контроля и оформления.

Тауарларды Декларациялау – тауарлар мен олардың шекара арқылы жүктерді орын ауыстыру ережелеріне сәйкес толтырылған ілеспе құжаттарын кеден органдарына беру.

Декларирование товаров - представление в таможенные органы товаров и сопровождающих их документов, заполненных в соответствии с правилами перемещения грузов через границу.

Преференциялар (латын тілінен *praeferentia* – қалау) – мемлекетпен белгіленетін, жеке елдердің барлық немесе кейбір тауарлары үшін, басқа елдердің тауарларына қатысты емес кедендік салықтық (баж) жеңілдіктер.

Преференции (от латинского *praeferentia* – предпочтение) – льготные таможенные пошлины, устанавливаемые государством для всех или некоторых товаров отдельных стран и не распространяемые на товары других стран.

Кеден қызметі – мемлекеттің экономикалық мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету құралы.

Таможенная служба – инструмент обеспечения защиты экономических интересов государства.


Кеден режимі – Мемлекет шекарасын тауарларға қолданылатын кең мағынадағы реттеу. ҚР заңнамасы бойынша ҚР кедендік шекарасы арқылы

орын ауыстыратын тауарлар мен көлік құралдарының мәртебесін белгілейтін ережелер жиынтығы.

Таможенный режим – в широком смысле – регламентация, применяемая к товарам, пересекающим границу государства.

По законодательству РК – совокупность положений, определяющих статус товаров и транспортных средств, перемещаемых через таможенную границу РК.

51-тапсырма. Кроссвордты шешіңіздер.



Көлденеңінен:

1. Халықаралық құқықтағы дипломатиялық хат алмасу құжатының түрі.
2. Бірараптық, қостараптық, көпараптық мәлімдеме.
3. Бір мемлекеттің екінші бір мемлекеттегі елші басқаратын өкілдігі.

Тігінен:

4. Төлқұжатта көрсетілетін ресми белгі.
5. Дипломатияның маңызды саяси құралы.

6. Белгілі бір елдің, ұйымның мүддесін білдіретін, оны жүзеге асыратын ресми адам.

7. Республика бюджетін толықтыратын бірден бір сала.

8. Белгі, ескертпе мағынасын білдіретін құжат.

9. Қостараптық немесе көптараптық халықаралық шарттың атауы.

52-тапсырма. Мәтінді оқып, салық жүйесі туралы өз пікіріңізді айтыңыз.

САЛЫҚ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Салық дегеніміз – мемлекеттік бюджетке заңды және жеке тұлғалардан белгілі бір мөлшерде түсетін міндетті төлемдер. Салықтар – мемлекеттің тұрақты қаржы көзі.

Мемлекет салықтарды экономиканы дамыту, тұрақтандыру барысында экономикалық тетік ретінде пайдаланады. Салықтар мемлекеттің өмір сүруінің барлық кезеңдеріне тән құбылыс. Мемлекет қалай пайда болды, салық та солай пайда болған. Салық ең алғаш Қытайда пайда болды.

Қазіргі нарықтық экономикада салық жүйесі мақсатты жүргізілуі керек, салықтан жиналған қаржыны алдымен қажетті жерге жұмсау керек. Кез келген елде мемлекеттік шығындар мен салық салу мәселелеріне айрықша көңіл бөлінеді. Нарық қатынастары дамыған елдерде салық мемлекет қазынасын толтыруға үлес қосады. Содан болар, Америкада іскер адамның екі туған күні бар деп есептеледі: біріншісі – өзінің туған күні және екіншісі – оның салық инспекторымен есеп айырысқан күні.

Қазақстан Республикасындағы салықтар жалпы мемлекеттік және жергілікті салықтар болып екіге бөлінеді. Салық республикалық және жергілікті бюджеттерге түседі. Салықтық түсімдердің ішінде негізгі орынды жалпы мемлекеттік салықтар алады.

Тікелей және жанама салық түрлері бар. Олар салық салу принциптеріне негізделген. Табысқа және мүлікке тікелей салықтар салынады. Қосылған құнға салынатын салық, акциздер, кедендік баж салығы жанама салықтарға жатады. Жанама салықтарды сатушы емес сатып алушы, тұтынушы төлейді.

Салық және басқа да міндетті төлемдерді өтеуден жалтарған заңды бұзушылар қылмыстық жауапкершілікке тартылады. /ҚР ҚК-тің 221-бабы/.

(«Қазақ тілі» Қ. Қадашева, З.Ш. Ерназарова, Қ.Қ. Қанафиева)

53-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Кеден сөзінің мағынасы нені білдіреді?
2. Кеден ісі дегеніміз не?
3. Кеден декларациясы қандай жағдайда толтырылады?
4. Салық қандай мәселелерді шешеді деп ойлайсыз?

5. Салық сөзіне анықтама беріңіз. Анықтама беру үшін мына ситуацияны пайдаланыңыз: салық дегеніміз не, басқаша айтсақ ол қандай төлем, қашан пайда болды, қай елде?

ЛЕКСИКАЛЫҚ-ГРАММАТИКАЛЫҚ ТЕСТ

1. Синоним сөздерді табыңыз:

- а. шарт, декларация, демаркация
- ә. келісімшарт, конвенция, пакт
- б. келісім, делимитация, коалиция
- в. оптация, лицензия, нотификация

2. Халықаралық ұйымдарда және халықаралық мәслихаттар мен кеңестерде шешімдер қабылдау рәсімі, әдісі қай терминнің мағынасы

- а. коммюнике
- ә. консул
- б. консенсус
- в. концессия

3. Дұрыс, дұрыс емес?

Жергілікті жерде мемлекеттік шекараны орнату (жүргізу) – демаркация.

4.. «Кондоминиум» терминінің баламасы қай қатарда?

- а. жоғары билікті бірлесіп жүргізу
- ә. өкілеттілікті асыра пайдалану
- б. кедендік жеңілдіктер беру
- в. қауіпсіздікті нығайту жөніндегі шаралар

5.. «Уағдаластықтан» сөзі қай септікте тұр?

- а. Барыс
- ә. Жатыс
- б. Шығыс
- в. Көмектес

6. «Атасу-Алашанькоу» келісімшарты қай мемлекеттер арасында жасалған?

- а. Қазақстан-Жапония
- ә. Қазақстан-Қытай
- б. Қазақстан-Корея
- в. Қазақстан-Өзбекстан

7. «Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы туралы шартты ратификациялау туралы заң жобасы бекітілді». «Бекітілді» етістігі етістің қай формасында тұр?

- а. өздік етіс
- ә. өзгелік етіс
- б. ырықсыз етіс
- в. ортақ етіс

8. «Қытай Халық Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Чжан Сиюнь мен Жапонияның Төтенше және Өкілетті Елшісі Тэцуо Ито сенім грамоталарын тапсырды» сөйлемі қай шақта тұр?

- а. осы шақ
- ә. өткен шақ
- б. нақ осы шақ
- в. келер шақ

9. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше емес елді табыңыз:

- а. Ресей
- ә. Корея
- б. Қазақстан
- в. Жапония

10. Сөздерді орындарына қойып, сөйлем құраңыз:

4,3 млрд долларды құрады (1), Қазақстан экономикасына (2), салған тіке инвестициясының көлемі (3), Ұлыбританияның (4), 1993-2005 жылдар аралығында (5).

11. «Вализа дипломатическая» сөз тіркесінің дұрыс баламасын табыңыз:

- а. келісім
- ә. халықаралық төрелік
- б. қапшық
- в. бейтарап жүк

12. ҚР алғашқы Конституциясы қашан қабылданды?

- а. 1990, 16 қыркүйек
- ә. 1992, 16 маусым
- б. 1993, 28 қаңтар
- в. 1991, 25 желтоқсан

13. Мына сөздердің ішінен дипломатиялық лауазымға қатысты сөзді табыңыз:

- а. заңгер
- ә. атташе
- б. депутат
- в. қаржыгер

14. Атташе, үшінші хатшы, 2-ші және 1-ші сыныпты екінші хатшы лауазымдары үшін қандай мерзімдер берілген?

- а. 1 жыл
- ә. 3 жыл
- б. 2 жыл
- в. 5 жыл

15. Төтенше және өкілетті елші дипломатиялық дәрежесін кім береді?

- а. ҚР Премьер-министрі
- ә. ҚР Президенті
- б. ҚР Сыртқы істер министрі
- в. ҚР Бас Хатшысы

16. Тәуелдік жалғауының 3- жағы бар сөз қай қатарда?

- а. Дипломатиялық өкілдіктің атауы
- ә. Дипломатиялық қызмет туралы жүйе
- б. Дипломатиялық қызмет орындарында лауазым ауыстыру
- в. Дипломатиялық қарым-қатынастар жүргізіледі

17. Қазақстан БҰҰ-ға мүше болып қашан қабылданды?

- а. 1990 ж. 15 қазан
- ә. 1986 ж. 26 желтоқсан
- б. 1991 ж. 12 сәуір
- в. 1992 ж. 2 наурыз

18. БҰҰ-ның қанша ресми тілі бар?

- а. 4
- ә. 5
- б. 6
- в. 7

19. «Persona non grata» дегеніміз не?

- а. дипломатиялық қызмет елшісін қызметке қабылдау
- ә. дипломатиялық қызмет елшісін қолайсыз адам деп тану
- б. дипломатиялық қызмет елшісін басқа қызметке ауыстыру
- в. дипломатиялық өкілдік басшысының бірі

20. Халықаралық келісімшарт күшінің уақыт мерзімін ұзарту терминін атаңыз?

- а. прерогатива
- ә. пролонгация
- б. промульгация
- в. преамбула

21. «Меморандум» сөзінің баламасын табыңыз:

- а. жадығат
- ә. жазба

- б. жаднама
- в. жариялау

22. Дұрыс, дұрыс емес?

Дипломатиялық қызмет органдарында дипломатиялық қызмет персоналының ротациясы жүзеге асырылады.

23. «Редемаркация» терминінің баламасын табыңыз:

- а. шекараны жүргізу
- ә. шекараны қайта жүргізу
- б. шекараны бақылау
- в. шекараны орнату

24. «Кедендік» сөзіндегі «дік» аффикстің қай түріне жатады?

- а. жалғау
- ә. префикс
- б. жұрнақ
- в. түбір

25. «Пошлина» сөзінің аудармасы қай қатарда?

- а. баж
- ә. алым
- б. салық
- в. салым

26. Күшін жою (тоқтату) қай сөздің баламасы?

- а. реторсия
- ә. интеграция
- б. денонсация
- в. делимитация

27. Промульгация терминінің баламасын табыңыз?

- а. қабылдау
- ә. бекіту
- б. қадағалау
- в. жариялау

28. «Халықаралық қатынаста үкіметтермен, сыртқы істер ведомстволарымен, дипломатиялық өкілдіктермен және ресми тұлғалармен сақталатын жалпы танылған ережелердің, салт-дәстүрлердің және шарттылықтың жиынтығы» - қай құжат?

- а. дипломатиялық нота
- ә. дипломатиялық шарт
- б. декларация

в. дипломатиялық протокол

29. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы қашан құрылды?

а. 1996 ж.

ә. 1997 ж.

б. 1998 ж.

в. 2001 ж.

30. Дұрыс, дұрыс емес?

Nota – белгі, ескерту деген мағынаны білдіреді.

31. Ауыспалы осы шақта тұрған сөзді табыңыз:

а. қабылдаған

ә. қабылдамақшы

б. қабылдаймыз

в. қабылдапты

32. Дұрыс тасымалданған сөзді көрсетіңіз:

а. жұмыс-сыз

ә. 28-кг

б. Қазақс-тан

в. кітаб-ымыз

33. Ыңғайлас салалас сөйлемдерді байланыстыратын жалғаулықтар қайсы?

а. себебі, сондықтан

ә. я, яки, не

б. да, де, әрі

в. бірақ, дегенмен

34. Тәуелдік жалғауынан соң жалғанып тұрған жатыс жалғауындағы сөзді табыңыз:

а. төлкұжатыма

ә. төлкұжатында

б. төлкұжатымның

в. төлкұжатын

35. «Жәдігерлер» сөзінің аудармасы қайсы?

а. антиквариат

ә. архив

б. музей

в. статус

36. Ырықсыз етіс тұлғасындағы сөзді табыңыз:

а. жіберді

- ә. қабылдаған
- б. жүргізілді
- в. айттырды

37. Біріккен сөзді көрсетіңіз:

- а. сексен
- ә. өнерпаз
- б. жатақхана
- в. оқыған адам

38. Болжалды келер шақта тұрған сөз тіркесін көрсетіңіз:

- а. құжатты толтырармыз
- ә. құжатты толтырмақпын
- б. құжатты толтырды
- в. құжатты толтырыпты

39. «Ратификация» терминінің баламасы қайсы?

- а. орнату
- ә. жүргізу
- б. айқындау
- в. бекіту

40. Дұрыс, дұрыс емес?

БҰҰ мақсаттары оның Жарғысында бекітілген.

IV тарау
АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ РЕТТЕЙТІН
ҚҰЖАТТАР
ДОКУМЕНТЫ, РЕГУЛИРУЮЩИЕ ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВЫЕ
ВЗАИМООТНОШЕНИЯ

1. Акт

2. Сенімхат

3. Қолхат

4. Кепілхат

5. Шарт

Құжаттың бұл түрлері міндетті түрде мөрмен бекітіліп, құқықтық сипатқа ие болады.

АКТ

Акт латын тілінің – *actum est* сөзінен *actus* – істелген, істелінген; ағылшын тілінен *-act-* істің немесе оқиғаның құқықтылығы, сондай-ақ заңдық мәні бар құжат болып табылады. Акт термині жиі «құқықтық акт», немесе өте кең мағынада «заңды құжат» ретінде қолданылады, яғни түрлі құқықтық субъектілер арасында белгілі заңды нормалар нысаны бойынша экономикалық немесе саяси мәмілелер, шарттар бекітілген құжат. Халықаралық құқықта «акт» термині, әдетте, жалпы мағынада, ратификациялық грамоталарды атау мағынасында қолданылған, бекіту, қабылдау немесе қосылу (бірігу) мағынасын білдірген құжат – шартқа сәйкес сақтауға жіберілетін.

АКТ

Акт – мекеме басшысының бұйрығымен тағайындалатын арнайы лауазымды тұлғалардан құрылған – комиссия мүшелерінің мекеме қызметіне байланысты деректерді белгілейтін растама құжаты.

Қызметіне қарай актілер әртүрлі мазмұнда болады:

- материалдық-жауапкершілікті тұлға болып табылатын қызметкер жұмысын ауыстырғанда, істерді қабылдау-өткізу актілері жазылады;
- мекеменің қызметін немесе оның құрылымдық бөлімшесін тексергенде, тексеру нәтижесі немесе ревизия бойынша актілер;
- пайдалануға келмейтін құрал-жабдықтар туралы актілер;
- жаңа бұйымдардың сынақтан өткізілуі туралы актілер;
- жойылуға бөлінген құжаттар туралы актілер және т.б.

Жалпы бланкте рәсімделетін акт реквизиттері:

- бекітілген грифі;
- құжаттың атауы (Акт);

- мерзімі;
- актінің реттік нөмірі;
- құрылған жері;
- құжат индексі;
- мәтіннің тақырыбы;
- мәтін;
- қосымшаның болуы туралы белгі (егер болса).
- төраға және комиссия мүшелерінің қолы.

Акт мәтіні кіріспе және мәлімдеме бөлімінен тұрады. Кіріспе бөлімінде актінің құрылуы жөнінде негіздемесі көрсетіліп, бұйрықтың мерзімі мен нөмірі қойылады, негіздеме бойынша құрылған комиссия мүшелері аталып, атқаратын лауазымдары көрсетіледі, сонымен бірге комиссия мүшелерінің жұмысына қатысқан басқа тұлғалар (мүше емес) да аталып көрсетіледі. Мәлімдеме бөлімінде актінің құрылу мақсаты мен міндеттері және комиссия мүшелерімен анықталған деректер мен қорытындылардың маңыздылығы көрсетіледі. Актінің жазылуына қатысқан барлық тұлғалар қолдарын қояды. Қол қою рәсімі кезінде, мүшелердің лауазымдары көрсетілмейді. Мекеме басшысы бекіткен күннен бастап акт күшіне енеді.

(Орыс тілінен аударылып берілді)

Акт от «латинского *actus*, от *actum est*» – сделано, совершено; английского *act* - в праве действие, или событие, а также документ, имеющий юридическое значение. Наиболее часто термин «акт» употребляется или в значении «правовой акт», или в более широком значении как юридический документ, т.е. документ, в котором в форме определённых юридических норм зафиксированы экономические или политические сделки, договоры между различными субъектами права. В международном праве термин «*акт*», как правило, используется в общем смысле для обозначения ратификационной грамоты, документа об утверждении, принятии или присоединении, переданного на хранение в связи с договором.

АКТ

Акты – это документы, составляемые специально выделенными должностными лицами – членами комиссией, назначаемыми приказом руководителя и подтверждающие установленные комиссией факты, связанные с деятельностью предприятия.

В зависимости от назначения акты бывают различного содержания:

- при смене работников, являющихся материально-ответственными лицами, составляются акты приёма-передачи дел;
- при проверке деятельности предприятия или его структурного подразделения – акты по результатам обследования или ревизии;
- составляются акты при списании пришедшего в негодность инвентаря или оборудования;

- акты об испытаниях новых изделий;
- акты о выделении к уничтожению документов и т.д.

Акт оформляется на общем бланке и содержит следующие реквизиты:

- гриф утверждения;
- наименование вида документа (Акт);
- дата;
- порядковый номер акта;
- место составления;
- индекс документа;
- заголовок к тексту;
- текст;
- отметка о наличии приложения (если есть приложение);
- подписи председателя и членов комиссии.

Текст акта состоит из двух частей – вводной и констатирующей.

В вводной части указывается основание для составления акта, номер и дата приказа, на основании которого была создана комиссия и перечисляются составители акта, присутствовавшие члены комиссии с указанием их должностей, а также перечисляются другие лица, присутствовавшие при работе комиссии, но не являющиеся её членами.

В констатирующей части излагаются цели и задачи составления акта и сущность установленных фактов и выводов, проведенной комиссией работы. Акт подписывается всеми лицами, принимавшими участие в его составлении. При оформлении подписей членов комиссии их должности не указываются. Акт вступает в силу со дня его утверждения руководителем предприятия.

1-тапсырма. Үлгімен танысыңыз.

**Бекітемін
Институт директоры**

.....аты-жөні.....

АКТ

Мерзімі

Шығарылған жері № ----

«ҰТИ салааралық аумақтық орталықтарының ақпараттық басылымдарын жүйелі талдау»

тақырыбының орындалуы туралы

Негіздеме: Институт директорының бұйрығы -----№ ---

Акт комиссия мүшелерімен құрылған:

Төрағасы----- (лауазымы, аты-жөні)

Комиссия мүшелері: 1.(лауазымы, аты-жөні)

2.(лауазымы, аты-жөні)

Акт мәтіні: Жұмыс барысында орындалған, анықталған деректерді баяндау.

- 1.-----
- 2.-----
- 3.-----

Қосымша: егер қосымшада кейбір құжаттар көрсетілген болса, қосымшаның болуы туралы белгі рәсімделеді.

Акт 3 данадан тұрады

Комиссия төрағасы	(қолы)	(аты-жөні)
Комиссия мүшелері	(қолы)	(аты-жөні)

2- тапсырма. Жағдаяттық тапсырмалар.

Пайдалануға келмейтін құрал-жабдықтар туралы, жаңа бұйымдардың сынақтан өткізілуі туралы, жойылуға бөлінген құжаттар туралы актілер жазыңыз.

Сенімхат

Бір адамның (сенім білдірушінің) өз атынан өкілдік ету үшін екінші адамға (сенім білдірген) берген жазбаша уәкілдігі сенімхат деп танылады.

Сенімхат – сенім берілген жеке тұлғаға сенім білдірушінің атынан (кәсіпорын, мекеме, ұйым) қандай да бір іс-әрекетті жүзеге асыруға құқық беретін, олардың өзара келісімін куәландыратын құжат. Сенімхат мекеме атынан да (заңды тұлға), жеке тұлға атынан да беріледі. Сенімхат мекеме атынан мәміле жасауға, материалдық құндылықтар мен ақша алу және жіберу, басқа да түрлі әрекеттер жасауға сенім білдіріп, құқық береді.

Сенімхаттар мекеме бланкісіне жазылып, рәсімделеді, мекеме басшысының қолы қойылып, мөр басылады.

Егер сенімхат жеке адам тарапынан берілсе, сенімхат иесі мен сенім берілген тұлғалардың аты-жөні, мекенжайы, құжатының аты мен нөмірі жазылып, қолы қойылады. Төменгі жағына нотариус сенімхат иесінің қолын растап, мөр басады.

Сенімхат мерзімі

1. Сенімхат үш жылдан аспайтын мерзімге берілуі мүмкін. Егер сенімхатта неғұрлым ұзақ мерзім көрсетілсе, ол үш жыл бойы, ал егер қолдану мерзімі көрсетілмесе, берілген күннен бастап бір жыл бойы жарамды болады.

2. Берілген күні көрсетілмесе сенімхат жарамсыз болады.

Сенімхат қажетті болған жағдайда бір тұлғаның екінші бір тұлғаға құқықтары мен өкілеттіліктерін жүктеу артқанда рәсімделеді.

Сенімхат мынадай жағдайларда рәсімделуі мүмкін:

- шәкіртақыны алу;
- жалақыны алу;

- жәрдемақыны алу;
- автокөлікті жүргізу;
- пәтерді сату немесе сатып алу;
- зейнетақыны алу;
- мүлікті ортақ пайдалану;
- корреспонденцияларды алу;
- материалдық құндылықтарды алу және жіберу;
- сенім білдірушінің мүдделерін сотта, қаржылық мәмілелер және т.б. орындау.

Сенімхат реквизиттері:

- құжат атауы және оның реттік нөмірі;
- сенімхат жасалған күннің мерзімі;
- сенімхат мерзімі;
- мекенжайы;
- мәтіні;
- сенімхат білдіруші туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекенжайы, жеке куәлік нөмірі);
- сенім берілген тұлға туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекенжайы, жеке куәлік нөмірі);
- тараптардың қолы;
- нотариалдық мекеме мөрі.

Доверенность

Доверенностью признаётся письменное уполномочие одного лица (доверителя) для представительства от его имени, выдаваемое им другому лицу (поверенному).

Доверенность – это документ, выдаваемый организацией (учреждением) – доверителем физическому лицу-поверенному, дающий право для осуществления какого-либо действия от имени организации-доверителя и удостоверяющий документ о их взаимном соглашении. Доверенность может выдаваться от имени учреждения (юридическое лицо) и от имени физического лица. Доверенность даёт право на выполнение от имени организации-доверителя совершать сделки, получение и отправление материальных ценностей, денег и другие различные действия. Доверенности оформляются на бланке организации-доверителя, ставится подпись руководителя организации-доверителя, скрепляется печатью организации. Если доверенность выдана от имени физического лица, то указывается ФИО, адрес, номер личного удостоверения доверителя и поверенного лица, ставится подпись. Нотариус заверяет доверенность и ставит печать.

Сроки доверенности

1. Доверенность может быть выдана на срок не более трёх лет. Если в доверенности указан более длительный срок, она действительна в течение трёх

лет, а если в ней срок действия не указан – в течение одного года со дня выдачи.

2. Доверенность считается недействительной, в которой не указана дата её выдачи. Доверенность оформляется в случае необходимости передачи прав и полномочий от одного лица другому.

Доверенность может оформляться в следующих случаях:

- получение стипендии;
- получение заработной платы;
- получение пособия;
- вождение автомобиля;
- купля-продажа квартиры;
- получение пенсии;
- совместное владение имуществом;
- получение корреспонденции;
- получать и отправлять материальные ценности;
- представлять интересы доверителя в суде, при заключении финансовых сделок и т.д.

Реквизиты доверенности:

- наименование документа и его порядковый номер;
- дата составления документа;
- срок доверенности;
- место составления документа;
- текст;
- полное сведение доверителя (ФИО, адрес, номер личного удостоверения);
- полное сведение поверенного (ФИО, адрес, номер личного удостоверения);
- подписи сторон;
- печать нотариальной конторы.

Грамматикалық минимум

Жіктеу есімдігі (личное местоимение): *мен, сен, сіз, ол*

Есімше (причастие):

-атын, -етін, -йтын, -йтін жұрнақтары (суффиксы): *рәсімделетін, куәландыралатын, тұратын, растайтын*

Ырықсыз етіс (страдательный залог)

ыл, -іл, -ын, -ін жұрнақтары (суффиксы): *төленді, тексерілді, анықталды*

Біріккен сөздер (слитные слова): *сенімхат, төлемақы, еңбекақы, зейнетақы, шәкіртақы*

Өткен шақ (прошедшее время): *-ды, -ді, -ты, -ті* жұрнақтары (суффиксы): *қол қойды, өкілетті етті, төледі*

Сөздік

Сенім білдіруші – доверитель

сенім білдіру – доверять
рәсімдеу – оформить, оформление
куәландыру – заверить, удостоверить
сатып алу және тіркеу – купить и зарегистрировать
жылжымайтын мүлік орталығы – центр по недвижимости
қол қою – расписываться
тұратын – проживающий
өкілетті ету – уполномочить
жеке тұлға – физическое лицо
заңды тұлға – юридическое лицо
әрекет қабілеттілігі – дееспособность
мөр – печать

3-тапсырма. Үлгімен танысыңыз.

Сенімхат

Қазақстан Республикасы
Алматы қаласы, 2010 ж. 5 шілде

Мен,жылы..... туған, Алматы қаласы,шағынауданы, ...-үй, ...-пәтер мекенжайы бойынша тұратынАлматы қаласы,шағынауданы, ...-үй, ...-пәтер мекенжайы бойынша тұратын

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетін бітіргенім туралы дипломымды алуға, ол үшін оған менің атымнан өтініштер беруге, мен үшін қол қоюға және осы тапсырмаға байланысты барлық басқа әрекеттерді орындауға сенім білдіремін.

Осы құжатқа қол қойғанда сенім білдіруші әрекет қабілеттілігінің шектелмегендігін, есірткілік, токсикологиялық, алкогольдік мас еместігін, денсаулығы жағдайына байланысты өзінің құқықтарын жүзеге асыра алатындығын, қорғай алатындығын және міндеттерді орындайтындығын, қол қойылатын құжаттың мәнін түсінуге кедергі келтіретін аурулармен ауырмайтындығын, қателесу, алдау, зорлық, қорқыту, бір тарап өкілінің екінші тараппен зұлымдық ниетте келісуі нәтижесінде немесе ауыр мән-жайлардың салдарынан жасауға мәжбүр болмағандығын растайды.

Сенімхаттың мәтіні менімен толық оқылды және нақты еркiме сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 167-170 баптарының мазмұны, жасалатын нотариалдық іс-әрекеттің мәні, мағынасы және құқықтық салдарлары маған нотариуспен түсіндірілді.

Сенімхат

мерзімге берілді

Қолы:

Тегі, аты және әкесінің аты, қолы

«5» шілде 2010 жылы, осы сенімхат менімен, ҚР ӘМ 03.04.1999 жылы берілген № 0000412 лицензияның негізінде әрекет жасаушы Алматы қаласының нотариусы куәландырылды. Менің қатысуыммен сенімхатқа азамат..... қол қойды. Сенім білдірушінің жеке басы анықталды, әрекет қабілеттілігі тексерілді.

Тізілімде №1-1455 болып тіркелді.

Нотариус _____

4-тапсырма. Мәтіннен тұрақты орамдарды табыңыз.

Сенімхат

Қазақстан Республикасы

Алматы қаласы, 2010 ж.17 мамыр

Мен, жылы Алматы облысында туған, Алматы қаласы, ...көшесі, ...-үй мекенжайы бойынша тұратын, Алматы қаласы, ...ықшамауданы,... -үй, ...-пәтер мекенжайы бойынша тұратын, өзінің қалауы бойынша бағаға және шарттарда жеке меншік құқығында маған тиесілі, Алматы қаласы, ...ықшамауданы, ...-үй, ...-пәтер мекенжайы бойынша орналасқан пәтерімді сатуға, ол үшін оған менің атымнан өтініштер беруге, қажетті анықтамалар мен құжаттарды алуға, пәтерді сату-сатып алу шартына қол қоюға, маған тиесілі ақшаны алуға, мен үшін қол қоюға және осы тапсырмаға байланысты барлық басқа әрекеттерді орындауға сенім білдіремін.

Осы құжатқа қол қойғанда сенім білдіруші әрекет қабілеттілігінің шектелмегендігін, есірткілік, токсикологиялық, алкогольдік мас еместігін, денсаулығы жағдайына байланысты өзінің құқықтарын жүзеге асыра алатындығын, қорғай алатындығын және міндеттерді орындайтындығын, қол қойылатын құжаттың мәнін түсінуге кедергі келтіретін аурулармен ауырмайтындығын, қателесу, алдау, зорлық, қорқыту, бір тарап өкілінің екінші тараппен зұлымдық ниетте келісуі нәтижесінде немесе ауыр мән-жайлардың салдарынан жасауға мәжбүр болмағандығын растайды.

Сенімхаттың мәтіні менімен толық оқылды және менің нақты еркiме сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 167-170 баптарының мазмұны, жасалатын нотариалдық іс-әрекеттің мәні, мағынасы және құқықтық салдарлары маған нотариуспен түсіндірілді.

Сенімхат

мерзімге берілді

Қолы:

Тегі, аты және әкесінің аты, қолы
«17» мамыр 2010 жылы, осы сенімхат менімен, ҚР ӘМ 03.04.1999 жылы берілген № 0000412 лицензияның негізінде әрекет жасаушы Алматы қаласының нотариусы.....куәландырылды. Менің қатысуыммен сенімхатқа азамат..... қол қойды. Сенім білдірушінің жеке басы анықталды, әрекет қабілеттілігі тексерілді.

Тізілімде №1-1455 болып тіркелді.

Нотариус _____

5-тапсырма.

Мына сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз.

Сеніммен қарау, сенім білдіру, сенім арту, сеніп тапсыру, сеніміне ену, сеніміне кіру, сенімін жоғалту, сенімін алдау, сенімін ақтау, сенімінен шығу, жеке басы анықталды, әрекет қабілеттілігі тексерілді.

6-тапсырма. Сөз тіркестерін сәйкестендіріңіз:

Өкілеттіліктерді	негізінде
Қолдану	тексерілді
Шәкіртақы	рәсімдеу
Құжаттарды	мерзімі
Әрекет қабілеттілігі	жүктеу
Куәлік	беру

7-тапсырма. Жазғаяттық тапсырма.

Мына тақырыптарға сенімхат үлгілерінің жобасын жазыңыз:

- пәтеріңізді жеке адамдарға уақытша жалға беруге;
- банкідегі есептеріңізді пайдалануға;
- сіз үшін қол қоюға;
- шәкіртақыңызды басқа адамның алуына;
- машина жүргізу куәлігін досыңызға беру туралы;
- кеден бөліміндегі заттарыңызды алу туралы;
- сізге келетін пошта хат-хабарларын алуға.

8-тапсырма. Қазақ тіліне аударыңыз.

Нотариальные действия, совершаемые нотариусом

Нотариус совершает следующие нотариальные действия:

- 1) удостоверяет сделки;

- 2) удостоверяет учредительные документы хозяйственных товариществ;
- 3) назначает доверительного управляющего наследством;
- 4) выдает свидетельства о праве на наследство;
- 5) выдает свидетельства о праве собственности на долю в общем имуществе супругов и иных лиц, имеющих имущество на праве общей совместной собственности;
- 6) налагает и снимает запрещения отчуждения имущества;
- 7) свидетельствует верность копий документов и выписок из них;
- 8) свидетельствует подлинность подписи на документах;
- 9) свидетельствует верность перевода документов с одного языка на другой;
- 10) удостоверяет факт нахождения гражданина в живых;
- 11) удостоверяет факт нахождения гражданина в определенном месте;
- 12) удостоверяет время предъявления документов;
- 13) передает заявления физических и юридических лиц другим физическим и юридическим лицам;
- 14) принимает в депозит деньги;
- 15) *исключен Законом РК от 29 марта 2000г. № 42;*
- 16) совершает протесты векселей;
- 17) принимает на хранение документы и ценные бумаги;
- 18) совершает морские протесты;
- 19) обеспечивает доказательства.

Законодательными актами Республики Казахстан могут быть предусмотрены иные нотариальные действия, совершаемые нотариусом.

9-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Таныс емес сөздерді сөздіктен қараңыз.

ДОВЕРЕННОСТЬ НА ПРОДАЖУ КВАРТИРЫ

**Республика Казахстан, город Алматы,
шестнадцатое октября две тысячи девятого года.**

Я, гр....., ...года рождения, уроженец....., проживающий в г. Алматы....., настоящей доверенностью уполномочиваю гр..... продать принадлежащую мне квартиру, находящуюся....., для чего предоставляю ей(ему) право подписать договор, получать необходимые справки, деньги, документы, подавать заявления, расписываться за меня и совершать все необходимые действия, связанные с выполнением данного поручения.

При подписании настоящего документа доверитель подтверждает, что в дееспособности не ограничен, не находится в состоянии наркотического, токсического, алкогольного опьянения, по состоянию здоровья может осуществлять и защищать свои права и исполнять обязанности, не страдает заболеваниями, могущими препятствовать осознанию сути подписываемого документа. А также подтверждает, что не находится под влиянием заблуждения, обмана, насилия, угрозы, злонамеренного соглашения или стечения тяжёлых обстоятельств.

Текст доверенности прочитан мною полностью и соответствует моему действительному волеизъявлению.

Содержание ст. 33 Закона РК «О браке и семье» и ст. ст.167.170 Гражданского кодекса Республики Казахстан, смысл, значение и правовые последствия совершаемого нотариального действия доверителю нотариусом разъяснено.

Доверенность выдана сроком

Подпись _____

«16» октября 2009 года, настоящая доверенность удостоверена мной,, нотариусом города Алматы, действующим на основании государственной лицензии №0000412 от 03 апреля 1999 года, выданной Министерством Юстиции Республики Казахстан.

Доверенность подписана гр..... в моём присутствии. Личность его(её) установлена, дееспособность проверена.

Зарегистрировано в реестре за № 1-6617.

Нотариус _____

ҚОЛХАТ

Қолхат – кез келген құндылықтардың (құжат, мүлік, зат, ақша және т.б.) алынғанын, берілгенін куәландыратын және белгілі мерзімде қайтарып беруге кепіл беретін арнайы ресми құжаттың бір түрі. Қолхат жеке тұлғалар арасында жиі қолданылады.

Мазмұны мен құрылымы жағынан қолхат және кепілхат бір-біріне ұқсас.

Қолхаттың реквизиттері:

- құжат атауы;
- қолхат беруші туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекенжайы, жеке куәлік нөмірі);
- қолхат алушы туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекенжайы, жеке куәлік нөмірі);
- алынған заттың атауы (егер ақша болса, көлемі санмен де, жазбаша да көрсетіледі);
- қайтарылатын нақты мерзімі;
- қайтара алмаған жағдайдағы шарты;
- қолхаттың мерзімі;
- тараптардың қолы;
- мекеме мөрі.

Расписка – это один из видов официального документа, гарантирующего, что взятые на время какие-либо ценные вещи (документы, собственность, вещи, деньги и др.) будут возвращены в срок. Чаще всего расписка используется между физическими лицами.

Расписка и гарантийное письмо по содержанию и структуре аналогичны.

Реквизиты расписки

- наименование документа;
- полные сведения дающего расписку (ФИО, адрес, номер личного удостоверения);
- полные сведения принимающего расписку (ФИО, адрес, номер личного удостоверения);
- наименование взятой вещи (если деньги, указывается цифрой и письменно);
- точные сроки возврата;
- условия, если не возвратит в срок;
- срок расписки;
- подписи сторон;
- печать учреждения.

Есіңізде сақтаңыз!

Біріккен сөздер: қолхат, кепілхат, кепілзат, айыппұл

Сөздік

міндеттенемін – обязуюсь
кепіл ретінде – в виде гарантии
кепілзат – залог
дер кезінде – во время
иелікке беру – отдать в распоряжение
шағым – жалоба, претензия
қарыз – долг
жеке куәлігі – удостоверение личности

10-тапсырма. Қолхат үлгісімен танысыңыз.

Қолхат

Мен, халықаралық қатынастар 90-тобының студенті Асқар Берікұлы, факультеттің оқу залынан уақытша пайдалану үшін «Дипломатия» сөздігін (бағасы 1200 теңге) алдым. Сөздікті бір күннен кейін қайтарып беруге міндеттенемін. Жеке куәлігімнің №...

мерзімі

КОЛЫ

11-тапсырма. Құжатты аударыңыз.

Қолхат

Мен, азамат Мөлдір Назарқызы, мекенжайым: Алматы қаласы, Көктем-1, 22-үй, 4-пәтер, жеке куәлігімнің № 0755220, Қазақстан Республикасының ІІМ

берген, Алматы қаласы, Көкжиек ықшамауданы, 7-үй, 28-пәтерде тұратын азамат Гүлнұр Хасановадан 2009 жылдың 14 наурыз күні 10 000\$ алдым (жеке куәлігі №01852446, Қазақстан Республикасының ІІМ берген). 2009 жылдың 14 наурыз күні жасалған келісімшартқа сәйкес 2009 жылы 14 маусым күні алған 10 000\$ ақшаны қайтарып беруге міндеттенемін. Келіскен мерзімде ақшаны қайтарып бермесем, Гүлнұр Хасановаға 14 наурыздан 14 маусымға дейін алынған ақшаның пайызын төлеп тұруға міндеттенемін. Пайыз көлемі келісімшартта көрсетілген.

мерзімі

ҚОЛЫ

12-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Қолхат

Мен, № 1-ші Институттың инспекторы Сапарғалиев Серік Ильясұлы, №1-Институттың 1-бөлімінің инженері Қалиев Асқар Болатұлынан 5 (бес) дана компьютер мен олардың қосалқы бөлшектерін қабылдап алдым.

мерзімі

ҚОЛЫ

13-тапсырма. Сөз тіркестерін пайдаланып, қолхат жазыңыз.

Қолхат, қолхат беру, нотариусқа бару, нотариустың қолы, қолхат берілген орын, жеке куәлігі, ІІМ, алған ақшаның пайызы, төлеп тұруға міндеттенемін, басқа талабым жоқ, міндеттемелерді орындау, келісімшартқа сәйкес, үш дана етіп жасалған, дер кезінде қайтаруға, басқа талабым жоқ, айып төлеуге, қолхат беруші.

Кепілхат

Кепілхат – басқа біреумен берілген міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін құжат.

Кепіл болушылық - Поручительство

Кепіл болушылық бойынша кепіл болушы басқа жақтың (борышқордың) несие берушісі алдында осы жақтың міндеттемесінің орындалуына толық немесе ішінара қосалқы жауап беруге міндеттенеді.

Гарантийное письмо

Гарантийное письмо – это документ, обеспечивающий исполнение изложенных в нём обязательств.

Сөздік

кепіл болушы – поручитель
кепіл болушылық – поручительство
мекенжай – адрес
ішінара – частично, в частности, между прочим
келісімшарт – соглашение, контракт
айыппұл – штраф
тараптар – стороны

14-тапсырма. Үлгімен танысыңыз.

Кепілхат

Мен, Өмірбекова Сәуле Саматқызы, мекенжайым: Алматы қаласы, Кашғар көшесі, 5-үй, 24-пәтер. Жеке куәлігімнің № 013030979, ҚР ИМ берген, Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 12-үй, 70-пәтерде тұратын Рахметова Әсем Нағызханқызынан жеке куәлігі № 0475552, ҚР ИМ берген, елу мың теңге (50000) алдым.

Барлық міндеттерімді орындауға кепілдік беремін. Атап айтқанда:

- келісімшартқа сәйкес пайыз төлеуге;
- алынған ақшаны келіскен мерзімде қайтаруға;
- келісімшарт талаптары орындалмаған жағдайда айыппұл төлеуге;
- мекенжайым өзгерген жағдайда бұл туралы 3 күн мерзім ішінде хабардар етуге кепілдік беремін.

Осы кепілхат 3 дана етіп жасалған, бір данасы Алматы қаласы, нөмірі бесінші нотариалдық кеңседе тіркелген, екінші данасы Рахметова Әсем Нағызханқызында, үшінші данасы Өмірбекова Сәуле Саматқызында сақталады.

2009 жыл 20 желтоқсан

Тараптардың қолы

15-тапсырма. Қазақ тіліне аударыңыз.

Поручительство, гарантийное письмо, в соответствии с договором, обязуюсь вернуть указанную сумму в срок, обязуюсь уплатить проценты, уплатить штраф, претензий не имею, при изменении места жительства, обязуюсь сообщить новый адрес в трехдневный срок, один экземпляр договора, нотариальная контора.

16-тапсырма. Мәтінді оқып, қазақ тілінде үлгі жобасын жасаңыз.

Закрытое акционерное общество
«Экономика»

ул. Абая, 99, г. Алматы, 480012

10.10.2003 №01-18-195

На _____ от _____

Директору павильона

Все казахстанского выставочного центра

г-ну В.С. Турову

пр-т Республики, 98

Алматы, 129254

Гарантийное письмо

О предоставлении выставочной площади

Просим Вас предоставить в аренду нашей фирме 300-40 кв. м выставочной площади для проведения с 13 ноября по 31 декабря 2009 г. Все казахстанской рождественской ярмарки бытовой техники.

Оплату гарантируем.

Исполнительный директор

Главный бухгалтер

Мелисова Б.

Денисов Т.

17-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1. Актілер дегеніміз не?*
- 2. Актілер қандай жағдайда жазылады?*
- 3. Актілерге кімдер қол қояды?*
- 4. Сенімхат дегеніміз не?*
- 5. Сенімхат неше жылға беріледі?*
- 6. Сенімхат қандай жағдайларда рәсімделеді?*
- 7. Қолхаттың реквизиттерін атаңыз?*
- 8. Кепілхат дегеніміз не?*

18-тапсырма. Кроссвордты шешіңіз:

- 1. Бір адамның өз атынан өкілдік ету үшін екінші адамға берген жазбаша уәкілдігі.*
- 2. Жеке тұлғалар арасында жиі қолданылатын құжат түрі.*
- 3. Басқа біреумен берілген міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін құжат.*
- 4. Телеграф, факс арқылы жіберілетін мәлімет.*

1					X	A	T
		2			X	A	T
3					X	A	T
4					X	A	T

ШАРТ, КЕЛІСІМШАРТ ДОГОВОР, КОНТРАКТ

Екі немесе одан көп адамның азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі шарт деп танылады.

Шарттың нысаны

Егер тараптар белгілі бір нысанда шарт жасасуға уағдаласса, заң бойынша шарттардың осы түрі үшін бұл нысан талап етілмесе де, шарт оған уағдаласқан нысан берілген кезден бастап жасалды деп есептеледі.

Шарт, келісімшарт мынандай жағдайларда жасалады:

Жылжымайтын мүлік жөніндегі мәмілелер:

- тұрғын үйді сатып алу, сату;
- тұрғын үйді ауыстыру;
- тұрғын үйді сыйға беру;
- жер телімдерін сату, сатып алу;
- жер телімдерін сыйға беру;
- банктен несие, қарыз (ссуда) алу;
- автокөлікті сату, сатып алу;
- автокөлікті сыйға беру.

Договором признается соглашение двух или нескольких лиц об установлении, изменении или прекращении гражданских прав и обязанностей.

Форма договора

Если стороны условились заключить договор в определенной форме, он считается заключенным с момента предания ему условленной формы.

Договор, контракт может оформляться в следующих случаях:

Сделки на недвижимое имущество:

- купля-продажа жилого дома;
- обмен жилого дома;
- дарение жилого дома;
- купля-продажа земельных участков;
- дарение земельных участков;
- получение кредита, ссуды;
- купля-продажа автомобиля;
- дарение автомобиля.

Грамматикалық минимум

Реттік сан есімдер (порядковые имена числительные):

2010 жылдың он төртінші мамыры, 15-үй, 27-пәтер мекенжайы бойынша тұратын

Есімше (причастие)

-ған, -ген, -қан, -кен, -атын, -етін, -йтын, -йтін жұрнақтары (суффиксы)
Мысалы: *көрсетілген, анықталған, тұратын, жүзеге асыра алатын, орындайтын*

Ырықсыз етіс (страдательный залог): *-ыл, -іл, -л:*
берілді, түсіндірілді, оқылды, тексерілді

Біріккен сөздер (слитные слова): *үстемақы, өтемақы, сыйақы, жәрдемақы, мекенжай*

Сөздік

негізінде әрекет ететін – действующего на основании

өтемақы – компенсация

үстемақы – надбавка

әлеуметтік жәрдемақы – социальное пособие

қызметкердің лауазымының қысқаруына байланысты – в связи с сокращением должности работника

мәміле – сделка

сыйақы – премия

қол қоюшылар – подписавшиеся

осы шарт жасалғанға дейін – до заключения настоящего договора

келісімшартқа отыру – подписать договор

келісімшартты – шартты бұзу – ликвидировать договор

келісім бойынша – в соответствии с договором

қарыз шарты – договор займа

заңсыз әрекет – незаконное, неправомерное действие

19-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма.

Тұрғын үйді сатып алу, сату келісімшарт мәтінін құру үшін қандай құжаттар керек?

СОӨЖ тапсырмасы. Тұрғын үйді сату, сатып алу, автокөлікті сату, сатып алу тақырыптарына үлгі жинап, кейс-папка дайындау.

ЕҢБЕК КЕЛІСІМДЕРІ

Еңбек келісімдері – мекеме немесе ұйым арасында, олардың басшылары атынан және осы мекеменің штатында жоқ жеке тұлғаның мезгілді жұмысты орындауы үшін рәсімделетін құжаты. Еңбек келісімінің мәтінінде шартқа отырған күннен бастап тараптардың құқықтары мен міндеттері көрсетіледі.

Еңбек келісімдерінің реквизиттері:

- құжат түрінің аты;
- құжат құрылған жер;
- құжаттың жазылған күні;
- тараптардың заңды мекенжайы көрсетілген мәтін;
- шартқа отырған тараптардың қолы.

ТРУДОВЫЕ СОГЛАШЕНИЯ – это документы, оформляемые между предприятием или организацией, в лице его руководителя, и физическим лицом, не состоящим в штате этого предприятия, на выполнение единовременной работы. В тексте Трудового соглашения оговариваются права и обязанности сторон на время его заключения.

Формуляр трудового соглашения включает в себя следующий состав реквизитов:

- наименование вида документа;
- место составления документа;
- дата составления документа;
- текст, включающий в себя юридические адреса сторон;
- подписи сторон, заключивших соглашение.

20-тапсырма. Үлгімен танысыңыз.

ЕҢБЕК КЕЛІСІМДЕРІ

Алматы қаласы
23.02.2010 ж.

Біз, бір жақтан «Орда» фирмасының төрағасы Мұрат Әлібекұлы Жарас, екінші жақтан сарапшы-экономист Арнұр Қанатұлы Болат фирманың әрекет етіп жүрген Ережесі негізінде төмендегі еңбек келісіміне отырдық.

- 1) Сарапшы-экономист Арнұр Қанатұлы Болат «Орда» фирмасы үшін келесі жұмыстарды орындауға міндеттенеді:

1.1.2010 жылдың бірінші тоқсаны бойынша фирма қызметінде аудиторлық тексеру жүргізу;

1.2. тексеру нәтижесі бойынша 2010 жылдың 12 наурызына дейін есеп беру.

2) «Орда» фирмасы осы жұмыстардың орындалуы үшін азамат Арнұр Қанатұлы Болатқа:

2.1. «Орда» фирмасының қызметі туралы қажетті ақпарат беруге;

2.2. компьютермен қамтамасыз етілген жұмыс орнын беруге;

2.3. азамат Арнұр Қанатұлы Болатқа орындаған жұмысы үшін ----көлемінде ақы төлеуге міндеттенеді.

3) Егер келісімнің 1.1., 1.2-тармақтары орындалмаса, келісім мерзімінен бұрын жақтардың біреуінің еркі бойынша бұзылады.

Егер келісім азамат Арнұр Қанатұлы Болаттың кінәсі бойынша мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, фирма жұмыстың жасалған бөлімі үшін ақы төлемейді.

Егер «Орда» фирмасының кінәсі бойынша келісім мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, азамат Арнұр Қанатұлы Болатқа қазіргі келісімнің 2.3-тармақтарына сәйкес бітірген жұмыстары үшін ақы төленеді.

4) Келісімнің әрекет ету мерзімі 2010 жылдың 1 наурызынан 2010 жылдың 15 наурызына дейін.

5) Еңбек келісімі бойынша барлық даулар Қазақстан Республикасының бекітілген Еңбек туралы Заңына сәйкес тәртібінде шешіледі.

Жақтардың заңды мекенжайлары:

«Орда» фирмасы Алматы қаласы

Тәуелсіздік көшесі 17 есеп шоты

435568990

«Альянс» банкі

А.Қ. Болат

Алматы қаласы

Қажымұқан көшесі 19, пәтер

төлқұжат №012893147

Фирма төрағасы

М.Ә.Жарас

Сарапшы-экономист

А.Қ.Болат

21-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма.

«Қамбар» ЖШС-сы жыл бойы «Ақмаржан» кәсіпорнын компьютерлермен қамтамасыз етуге міндеттенеді, осы мекемелердің арасындағы келісімнің шарттарын ойластырып, келісімшарт мәтінін жоғарыдағы үлгі бойынша құрастырыңыз.

22-тапсырма. Тұрақты орамдарды оқып, қазақ тіліне аударыңыз.

Заклучили настоящий договор о нижеследующем, срок действия договора, срок испытания, без испытания, работник должен выполнять следующие обязанности, предприятие обязано организовать труд работника, создать условия для безопасного и эффективного труда, оборудовать рабочее место в соответствии с правилами охраны труда и техники безопасности,

своевременно выплачивать обусловленную договором заработную плату, обязанность работодателя по обеспечению условий труда на рабочем месте с указанием достоверных характеристик, предоставляемых компенсации и льгот работнику за тяжелые, особо тяжелые работы и работы с вредными, особо вредными или опасными условиями труда, неполный рабочий день, неполная рабочая неделя, почасовая работа, работнику устанавливается ежегодный оплачиваемый отпуск.

23-тапсырма. Мәтінді оқып, шарттың құрылымымен танысыңыз.

ҚАРЫЗ (ЗАЕМ) ШАРТЫ

Қазақстан Республикасы

Алматы қаласы

екі мың оныншы жылдың бесінші қыркүйегі

Біз,туған, Алматы қаласы,көшесі, ...-үй, ...-пәтер мекенжайы бойынша тұратын жәнетуған,.....тұратын.....төмендегілер туралы осы шартты жасадық:

1. Мен, екі мың оныншы жылдың желтоқсанына дейінгі мерзімге.....250985.00 (екі жүз елу мың тоғыз жүз сексен бес теңге 00 тиын) мөлшерде ақша сомасын қарызға алдым.
2. Ақшаның төлемі мерзімінен бұрын жүргізілуі мүмкін.
3. Егер мен,, жоғарыда көрсетілген мерзімге менің қарызға алған ақшамды төлемесем, онда азамат.....осы шартты өндіріп алуға ұсынуға құқылы.
4. Төлем Алматы қаласында жүргізілуі тиіс.
5. Осы шартты куәландыру жөніндегі жұмсауларды.....төлейді.
6. Осы шарт екі данада жасалған, оның бірі Алматы қаласының нотариусының істерінде сақталады және бір данасы.....беріледі.

Қолдары: 1. _____

2. _____

«5» қыркүйек 2010 жылы, мен, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен 03.04.1999 жылы берілген № 0000412 лицензияның негізінде әрекет жасаушы Алматы қаласының нотариусы Б.Балабекқызымен осы шартты куәландырдым. Шартқа тараптар менің қатысуыммен қолдарын қойды. Тараптардың жеке бастары анықталды, олардың әрекет қабілеттіліктері тексерілді.

Тізілімде №1-1455 болып тіркелді.

Нотариус _____

24-тапсырма. Етістіктердің қай шақта тұрғанын анықтаңыз.

Ақшаны сыйға тарту туралы шарт

Қазақстан Республикасы

Алматы қаласы

екі мың оныншы жылдың бесінші қыркүйегі

Біз, бұдан әрі «Сыйға тартушы» деп аталатын, ... жылы Талдықорған облысында туған, мекенжайы бойынша тұратын..... және бұдан әрі «Сыйды алушы» деп аталатын,жылықаласында туған, мекенжайы бойынша тұратын төмендегілер туралы осы шартты жасадық:

1. Мен, қызым (ұлым) –онымен Алматы қаласы,, мекенжайы бойынша орналасқан тұрғын үйді сатып алу үшін 958 350 (тоғыз жүз елу сегіз мың үш жүз елу) теңге сомасындағы ақшаны сыйға тарттым.
2. Мен,.....анам –жоғарыда көрсетілген соманы алғысымды айта отырып қабылдаймын.
3. Осы шартты куәландыру жөніндегі жұмсауларды төлейді.
4. Осы шарттың бір данасы Алматы қаласының нотариусының істерінде сақталады, ал бір данасы сый алушы –беріледі.

Тараптардың қолдары:

1.....(тегі, аты және әкесінің аты, қолы).....

2.....(тегі, аты және әкесінің аты, қолы).....

«5» қыркүйек 2010 жылы, мен, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен 03.04.1999 жылы берілген № 0000412 лицензияның негізінде әрекет жасаушы Алматы қаласының нотариусы ... осы шартты куәландырдым. Шартқа тараптар менің қатысуыммен қолдарын қойды. Тараптардың жеке бастары анықталды, олардың әрекет қабілеттіліктері тексерілді.

Тізілімде №1-1455 болып тіркелді.

Нотариус _____

25-тапсырма. Құжатты аударыңыз.

Пәтерді сату-сатып алу туралы шарт

Қазақстан Республикасы

Алматы қаласы

екі мың оныншы жылдың бесінші қыркүйегі

Біз,.....жылыоблысында туған,тұратын....., бұдан әрі «Сатушы» жәнежылы.....облысында туған,тұратын....., бұдан әрі «Сатып алушы, төмендегілер туралы өзара осы шартты жасадық:

1.....жылыоблысында туған,ерінің (жұбайының).....келісімі бойынша әрекет жасаушы, Сатушы..... мекенжайы бойынша орналасқан, жалпы пайдалы алаңышаршы метр, соның ішінде тұрғын алаңышаршы метр, бөлмеден тұратын, құқықтық кадастр нөмірі..... пәтерді сатты, ал азамат..... сатып алды.

2. Көрсетілген пәтер азамат куәландырылған №.....негізінде тиесілі және Сатып алушыға Сатып алушымен Сатушыға тараптардың келісімі бойынша төленетін.....теңгеге сатылды. Алматы қаласының жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығымен№.....берілген жылжымайтын мүлік объектінің ұқсастыру, техникалық сипаттамасы туралы анықтамасы бойынша пәтердің инвентарлық құны... теңгені құрайды.

3. Көрсетілген пәтер ешкімге сатылмаған, кепілге салынбаған, тыйым салуда (арестте) тұрған жоқ.

4. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (ерекше бөлімі) 380, 386, 388 баптарының мазмұны тараптарға түсіндірілді.

5. Осы шартты жасау жөніндегі жұмсауларды төлейді.

6. Осы шартқа қол қойғанда тараптар әрекет қабілеттіліктерінің шектелмегендігін, есірткілік, токсикологиялық, алкогольдік мас еместігін, денсаулығы жағдайына байланысты өзінің құқықтарын жүзеге асыра алатындығын, қорғай алатындығын және міндеттерді орындайтындығын, қол қойылатын құжаттың мәнін түсінуге кедергі келтіретін аурулармен ауырмайтындығын, қателесу, алдау, зорлық, қорқыту, бір тарап өкілінің екінші тараппен зұлымдық ниетте келісуі нәтижесінде немесе ауыр мән-жайлардың салдарынан жасауға мәжбүр болмағандығын растайды.

7. Шарт екі данада жасалды, оның бірі жеке нотариустың істерінде сақталады, ал екіншісі Сатып алушыға беріледі. Шарттың мәтіні тараптармен оқылды және олардың нақты еріктеріне сәйкес келеді. Құқықтық салдарлары тараптарға түсіндірілді.

Тараптардың қолдары:

1.....(тегі, аты және әкесінің аты, қолы).....

2.....(тегі, аты және әкесінің аты, қолы).....

26-тапсырма. Мәтінді оқып, таныс емес сөздерді сөздіктен қараңыз.

Коммерциялық келісімшарт

Коммерциялық келісім туралы не білесіз?

Шарт – ең алдымен екі жақты келісім, екі жақты мүдделерге пайдалы өзара келісімді бірлесіп жасау актісі. Егер де шарт жасаушылардың араларында келісім болмаса, онда шарт та жасалмайды. Шарт – екі жақты өз еркімен жасалатын біркелкі акті. Шарттың тағайындалуы оның мақсатының қорытындысы, кұқық пен міндеттің орнатылуы, өзгерісі немесе тоқтатылуы болып есептеледі.

Ұтымды жасалынған шарт серіктестер арасынан керек емес таласты, келіспеушілікті туғызбайды. Сондықтан, шарттар негізінде, ереже бойынша, білікті мамандардың қатысуымен жасалуы тиіс.

Шарт жасаушы жақтардың санына байланысты шарттар: бір жақты, екі жақты және көп жақты болып бөлінеді.

Бір жақты шарт деп тек бір жақтың іс-әрекетінің толық жасалуын айтамыз. Мұнда басқа жақтың қарама-қарсы әрекеті болмайды. Мысалы, бір жақты шарттарға мұрагерлікті заңдастыру, сенімхат беру, мұрадан бас тарту, т.б. осы сияқты келісімдер жатады.

Екі жақты шарт деп, екі жақтың бір-бірінің талабын қабылдаған келісім түрін айтамыз. Екі жақты келісім саласы кеңінен тараған, олар: сауда-саттық келісімі, мердігерлік, сақтандыру, авторлық, т.б.

Көп жақты келісім деп үш жақты немесе саны одан да көп шарт жасаушы жақтың өзара келісім шартын айтамыз. Мысалы үйді сатып алуда екі сатушы бір жақтан, ал екінші жақтан үш сатып алушы болса, бұны көп жақты келісім деп айтамыз.

(«Қазақ тілі» Қ. Қадашева, З.Ш. Ерназарова, Қ.Қ. Қанафиева)

27-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Шарт дегеніміз не?
2. Қандай жағдайларда шарт жасалады?
3. Еңбек келісімдері қалай жасалады?
4. Еңбек келісімдерінің реквизиттерін атаңыз.
5. Шарттың қандай түрлерін білесіз?

ЛЕКСИКАЛЫҚ-ГРАММАТИКАЛЫҚ ТЕСТ

1. Есімше жұрнағы бар етістікті табыңыз:
 - а. тапсыратын
 - ә. тапсырды
 - б. тұрыпты
 - в. тапсыру
2. «Қол қоюшының жеке басы анықталды, әрекет қабілеттілігі тексерілді» сөйлемі қай құжаттан алынған?
 - а. жеделхат
 - ә. кепілхат
 - б. сенімхат

в. қолхат

3. «факт» сөзінің аудармасын табыңыз:

а. қызмет

ә. дерек

б. әрекет

в. әлеует

4. Ырықсыз етіс тұлғасында тұрған етістік қатарын көрсетіңіз:

а. талқыланды, анықталды, жүргізілді

ә. талқылады, анықтады, жүргізді

б. талқылау, анықтау, жүргізу

в. талқылатқызды, анықтатқызды, жүргіздірді

5. «рәсімдеу» сөзінің аудармасын табыңыз:

а. определить

ә. заполнить

б. оформить

в. перевести

6. Шартты райлы етістіктер қай қатарда?

а. аудару, толтыру, бұзу

ә. аударыпты, толтырыпты, бұзыпты

б. аударса, толтырса, бұзса

в. аударған, толтырған, бұзған

7. Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе қай жылы берілді?

а. 1991 жыл

ә. 1992 жыл

б. 1989 жыл

в. 2001жыл

8. Есімше жұрнағы арқылы жасалған сөз тіркесін табыңыз:

а. куәландырылған құжат

ә. құжатты куәландыру

б. құжатты куәландырды

в. құжатты куәландырдым

9. «мәміле» сөзінің аудармасын табыңыз:

а. договор

ә. сделка

б. переговоры

в. дебаты

10. Қай сөзде жіктік жалғауы бар?

- а. қаулыны
- ә. тізімде
- б. реттейді
- в. талдау

11. Қай сөз тіркесі ілік септігінде тұр?

- а. заңды тұлғаға
- ә. заңды тұлғадан
- б. заңды тұлғаның
- в. заңды тұлғамен

12. «Внеочередной отпуск» сөз тіркесінің аудармасы қай қатарда?

- а. кезекті демалыс
- ә. кезектен тыс демалыс
- б. еңбек демалысы
- в. жазғы демалыс

13. Тұйық етістікті табыңыз:

- а. қамтамасыз етуші
- ә. шартнаманың талаптарын сақтау
- б. жалақы тағайындалады
- в. жәрдемақы сұрады

14. «Декларация» сөзінің баламасын табыңыз:

- а. қол қою
- ә. қабылдау
- б. бекіту
- в. мәлімдеу

15. «Гарантийный договор» сөз тіркесінің аудармасы қай қатарда?

- а. келісімшарт
- ә. кепілдік шарт
- б. кепілдік мәміле
- в. кепілзат

16. «Испытательный срок» сөзінің аудармасы қай қатарда?

- а. сынақ мерзімі
- ә. сенімхат мерзімі
- б. сараптама мерзімі
- в. бақылау мерзімі

17. 1-жақ жіктік жалғауын табыңыз:

- а. куәландыру
- ә. куәландырамын
- б. куәландырылған
- в. куәландырыпты

18. «Реестр» сөзінің аудармасын табыңыз:

- а. тізім
- ә. тізбе
- б. тізілім
- в. тізімдеме

19. Сауатты жазуды ретке келтіретін сөздік?

- а. Орфоэпиялық сөздік
- ә. Синонимдік сөздік
- б. Терминологиялық сөздік
- в. Орфографиялық сөздік

20. «штраф» сөзінің аудармасы қай қатарда?

- а. баж
- ә. алым
- б. айыппұл
- в. салық

21. Күшін жою (тоқтату) қай сөздің баламасы?

- а. реторсия
- ә. интеграция
- б. денонсация
- в. демаркация

22. Сенімхат мерзімі неше жылдан аспайды?

- а. бір жылдан аспайды
- ә. екі жылдан аспайды
- б. үш жылдан аспайды
- в. төрт жылдан аспайды

23. Басқа біреумен берілген міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін қай құжат?

- а. Кепілхат
- ә. Сенімхат
- б. Қолхат
- в. Шарт

24. Орфографиялық принципке сай келетін сөз қайсы?

- а. мансапхор
- ә. мансапқор
- б. мүмкүн
- в. бүгүн

25. Мақсатты келер шақтағы сөз тіркесін табыңыз:

- а. шартқа отыру
- ә. шартқа отырар
- б. шартқа отырмақ
- в. шартқа отырады

26. Орфоэпиялық нормаға сай сөзді табыңыз:

- а. бұзушы
- ә. бұрмалау
- б. бұзу
- в. бұрұштама

27. Тасымалдауға келмейтін сөзді табыңыз:

- а. ақы
- ә. сенім
- б. талап
- в. мұра

28. Іс-әрекет, қимылдың атауы қай қатарда?

- а. етіс
- ә. есімше
- б. көсемше
- в. тұйық етістік

29. «Материалдық ынталандыру» сөз тіркесінің аудармасын табыңыз:

- а. материальное вознаграждение
- ә. материальное поощрение
- б. материальное пособие
- в. материальное стимулирование

30. Жедел өткен шақтағы етістікті табыңыз:

- а. тыйым салады
- ә. тыйым салыпты
- б. тыйым салды
- в. тыйым салынған

31. Тәуелдік жалғаулы тіркесті табыңыз:

- а. төлқұжаты бар
- ә. төлқұжатқа қара
- б. төлқұжат толтыру
- в. төлқұжатты ал

32. Тасымалдауға келмейтін сөзді көрсетіңіз:

- а. топтама
- ә. ұсыныс
- б. уәж
- в. кеңсе

33. Екі немесе одан көп адамның азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі...қай құжат?

- а. акт
- ә. шарт
- б. кепілхат
- в. сенімхат

34. Ілік септігіндегі жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің байланысу түрі?

- а. жанасу
- ә. қиысу
- б. меңгеру
- в. матасу

35. Үндестік заңына бағынбай тұрған сөзді көрсетіңіз:

- а. баспасөз
- ә. мемлекет
- б. білікті
- в. баяндама

36. Сөйлемде бірыңғай мүшенің алдындағы жалпылауыш сөзден кейін қойылатын тыныс белгісі?

- а. қос нүкте
- ә. сызықша
- б. нүкте
- в. дефис

37. Біріккен сөзді анықтаңыз:

- а. құжаттама
- ә. бөлімше
- б. шәкіртақы
- в. дәрісхана

38. Қай сөз тіркесінде септеулік шылау бар?

- а. келісім бойынша
- ә. келісімге отыру
- б. келісім беру
- в. келісілген мәселе

V тарау БАСҚАРУ, ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰЖАТТАРЫ (ОРГАНИЗАЦИОННО-РАСПОРЯДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ)

ЖАРҒЫ

Жарғы – ұйымның, мекеменің, кәсіпорынның және жеке тұлғалардың қызметін, сондай-ақ олардың басқа мекемелермен, жеке тұлғалармен қарым-қатынасын реттейтін, жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, міндеттерін белгілейтін Ережелер жинағы.

Мемлекеттік стандартқа сай үлгіде жазылатын ресми құжаттың бірі – Жарғы. Қандай мекеме болмасын өзінің басты қызметін Жарғыға сәйкес жүргізеді. Жарғы мекеме, ұйым, кәсіпорынның құрылтайшылар жиналысында, жалпы мәжілісінде немесе Ғылыми Кеңесінде бекітіліп, қабылданады. Заңды тұлға Қазақстан Республикасының Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтуі тиіс.

Құжаттың жоғарғы оң жағына мекеменің (ұйымның, кәсіпорынның, серіктестіктің) және бекіткен лауазымды тұлғаның аты-жөні, бекітілген уақыты жазылады. «Жарғы» сөзі беттің ортасына, одан төмен оның рет саны, шығарылған жері, ұйымдасып отырған ұйымның жалпы Ережелері, негізгі міндеттері, атқаратын қызметі, заңды мәртебесі, құқықтары мен міндеттемелері, (мекеме, кәсіпорын, серіктестік) қызметінің мақсаттары мен түрлері, (мекеме, кәсіпорын, серіктестік) мүлігі, басқару органдары, еңбек ұжымы, қайта құру, ұйымды (мекемені, кәсіпорынды, серіктестікті) тарату, қорытынды Ережелер жазылады.

Соңында ұйым(серіктестік құрылтайшысының, кәсіпорын, мекеме басшысының) аты-жөні жазылады, қолы қойылады.

Жарғының құрылымы:

- Жалпы ережелер;

- серіктестіктің құрылтайшысы;
- заңды мәртебесі;
- серіктестікке қатысушының құқықтары мен міндеттемелері;
- ұйым (мекеме, кәсіпорын, серіктестік) қызметінің мақсаттары мен түрлері;
- ұйым (мекеме, кәсіпорын, серіктестік) мүлігі;
- серіктестік басқару органдары;
- серіктестіктің еңбек ұжымы;
- серіктестікті қайта құру;
- ұйымды (мекемені, кәсіпорынды, серіктестікті) тарату;
- қорытынды ережелер;
- ұйым(серіктестік құрылтайшысының, кәсіпорын, мекеме басшысының) аты-жөні, қолы.

Жарғының реквизиттері:

- мекеменің (кәсіпорынның, ұйымның) атауы;
- құжаттың түрі (Жарғы);
- индексі, күні, бекітілген грифі;
- мәтіні;
- мекеме (серіктестік, кәсіпорын) басшысының қолы.

УСТАВ

